

2021-2022
оқу жылының
жылдық
есебі

NIS

Назарбаев Зияткерлік
мектебі

Назарбаев Интеллектуальная



МАЗМҰНЫ

1. КІРІСПЕ	4
2. ОҚЫТУ, ОҚУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ	6
2.1. Оқушылардың контингенті	6
2.2. Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы	7
2.3. Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалауы	9
2.4. IELTS және SAT халықаралық емтихандардың нәтижелері	11
2.5. Олимпиадалар	13
2.6. Оқушылардың ғылыми жобалар байқаулары мен конференциялары	15
3. БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ	19
3.1. Қамқоршылық кеңес	19
3.2. Педагогикалық кеңес	19
3.3. Әдістемелік кеңес	19
3.4. Ата-аналар комитеті	20
3.5. Оқушылар кеңесі	21
3.6. Мектептің аттестациялық комиссиясы	23
4. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	27
4.1. Педагогикалық кадрлар	27
4.2. Мұғалімдердің кәсіби дамуы	29
4.3. Тәжірибе тарату	34
5. БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ	44
5.1. Кәсіби бағдар жұмысы	44
5.2. Психологиялық қызмет	47
5.3. Медициналық қызмет	49
5.4. Жазғы мектеп	50
5.5. Конкурстық іріктеу	53
5.6. Элективті курстар	54
5.7. Виртуалды және каникулярлық мектеп	55
6. МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК	56
6.1. Тәрбие жұмысы	56
6.2. «Қоғамға қызмет» жобасы	62
7. МЕКТЕП ЖАТАҚХАНАСЫ	64
8. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ	68
8.1. Мектептің материалдық-техникалық базасының жағдайы	68
8.2. Мектеп аумағын абаттандыру, көгаландыру және тазарту жұмыстары	69

8.3.	Жабдықтарды, техникалық құралдарды және жиһаздарды тиімді пайдалану	69
8.4.	Мектеп инвентаризациясы	70
9.	ОҚУ-КӨМЕКШІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ	71
9.1.	Қауіпсіздікті сақтау және мектеп қызметі	71
9.2.	Кітапхана қызметі	72
9.3.	IT-бөлімінің қызметі	74
9.4.	Медиа қызметінің жұмысы	74

МЕКТЕП МИССИЯСЫ:

Өзгеріске дайын тұлғаның зияткерлік-шығармашылық әлеуетін және жаһандық құзыреттілігін дамыту

ҰСТАНЫМ:

Оқушылар бойындағы адамгершілік, көшбасшылық және патриоттық сезімдерді дамыта отырып, оларға жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етеміз. Мектеп түлектері әлемді жақсартуға дайын, сыни тұрғыдан ойлайтын Қазақстанның әлеуметтік жауапкершілігі мол белсенді азаматтары.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР:

Құрмет
Ашықтық
Патриотизм және жауапкершілік
Еңбексүйгіштік және шығармашылық
Адалдық
Отбасы құндылықтары
мен дәстүрлер
Денсаулық және әл-ауқат
Жаһандық азаматтық

1. КІРІСПЕ

Орал қаласындағы физика–математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі - халықаралық аккредитациядан өткен сапалы білім беру ұйымы.

2021-2022 оқу жылындағы мектептің қызметі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2030 жылға дейінгі Даму Стратегиясында белгіленген міндеттерге, мектептің 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес құрылды.

2021-2022 оқу жылы оқыту мен тәрбиелеуде дербестендірілген тәсілді күшейтуге; пандемия жағдайында балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге; мектеп қоғамдастығының оқу мәдениетін дамытуға; цифрлық мәдениетті және педагогтердің рефлексивті тәжірибесін дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, өткен оқу жылын пандемиядан кейінгі олқылықтардың орнын толтыру жылы деп атауға болады. Педагогикалық ұжымның басты мақсаты COVID-19 пандемиясына байланысты туындаған білім мен дағдылардағы олқылықтардың орнын толтыра отырып, оқушыларды қалыпты бағытқа қайтару болды.

Білім мен дағдылардағы олқылықтардың орнын толтыру үшін біз төрт басым міндетті анықтадық:

- білім беру қажеттіліктерін бағалау;
- педагогикалық әдістерді түзету;
- басымдықтарды анықтау, мұғалімдерді даярлау
- оқытудың әлеуметтік-эмоционалды аспектілеріне баса назар аудару.

Біз бұл басымдықтарды бір-бірімен байланыста қарастырамыз, өйткені олардың әрқайсысы олқылықтарды толтыру процесінің тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Пандемия кезінде цифрлық технологиялар оқу мен оқытуды жалғастыруға, қарым-қатынас жасауға және мәселелерді шешудің жолдарын табуға көмектесті.

Дағдарыс жағдайында мектептің цифрлық трансформациясы оның ақпараттық ресурстарын қарапайым техникалық жаңартумен шектелмейтіні белгілі болды, бұл цифрлық технологиялардың мүмкіндіктеріне негізделген мектеп қызметін түбегейлі қайта қарастыруды білдіреді.

NIS-Programme ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану дағдысын қалыптастыру және дамыту арқылы цифрлық құзыреттілікті дамытуға ерекше назар аударады. Бұл білім беру бағдарламасының негізі болып табылатын кең ауқымды жеті дағдылардың бірі.

Дегенмен, жылдам қарқынмен өзгертін цифрлық технологияларды одан әрі табысты пайдалану үшін цифрлық құзыреттілік, яғни цифрлық технологиялар арқылы мәселелерді шешу мүмкіндігі қажет.

Алдағы оқу жылында мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық құзыреттілігін жақсарту үшін бізге:

- цифрлық технологияларды оқу мен оқытудың инновациялық әдістерімен интеграциялау;
- мұғалімдерді сапалы кәсіби оқыту және олардың цифрлық сауаттылығын дамыту;

- технологиялардың педагогикалық әсерін оларды оқу бағдарламаларына енгізу арқылы оңтайландыру;

- оқушылардың денсаулығын нығайту (физикалық және психикалық әлеуауқатын жақсарту) жөніндегі іс-шаралар.

Мектеп қызметі туралы жылдық есеп CIS стандарттарының логикасы негізінде құрылды. Ол келесі бөлімдерден тұрады:

1. Кіріспе
2. Оқыту, оқу және бағалау
3. Басқару және көшбасшылық
4. Персонал
5. Білім берудің қолжетімділігі
6. Мектеп мәдениеті және серіктестік
7. Мектеп жатақханасы
8. Материалдық-техникалық жабдықтау
9. Оқу-көмекші қызметтерінің жұмысы

2. ОҚЫТУ, ОҚУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

2.1 Оқушылар контингенті

2021-2022 оқу жылының басында 718 оқушы болды, 2 оқушы экстернатта оқыды (FLEX бағдарламасы бойынша). Оқу жылын 716 оқушы аяқтады, оның 196-сы орта мектепте, 520-сы негізгі мектепте. Түлектер саны 120.

*Кесте. Сыныптар бөлінісіндегі оқушылар саны
(2022 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша)*

7 сынып						Барлығы
A	B	C	D	E	F	
20	20	20	20	21	21	122

8 сынып						Барлығы
A	B	C	D	E	F	
20	21	20	20	21	21	123

9 сынып							Барлығы
A	B	C	D	E	F	G	
23	23	23	24	25	24	22	164

10 сынып					Барлығы
A	B	C	D	E	
23	21	21	22	24	111

11 сынып				Барлығы
A	B	C	D	
21	20	17	18	76

12 сынып						Барлығы
A	B	C	D	E	F	
23	19	24	19	18	17	120

Оқу жылының қорытындысы бойынша мектептен шыққан және келген оқушылар туралы мәліметтер



Оқу жылының III тоқсанында 7-сыныпқа резервтен 1 оқушы қабылданды: (ақпан, 2022 ж.), 2 оқушы 8-сыныпқа ақылы негізде қабылданды (қаңтар, 2022 ж.). IV тоқсанда FLEX бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған 11-сыныптың 2 оқушысы экстернаттан күндізгі оқуға ауыстырылды.

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

1. 7-сынып оқушыларын бейімдеу және қолдау шараларын ұйымдастыру.
2. 10-сыныптарда оқу мен оқытуды жетілдіру

2.2 Оқу үлгерімі мен білім сапасы

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың мектеп бойынша білім сапасы 87,25% - құрады, бұл өткен оқу жылынан 9,55% - ға төмен.

Оқу жылын аяқтады:

«өте жақсы» - 99 адам, 14%-ды құрайды, бұл 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 17% - ға төмен;

«жақсы» және «өте жақсы» - 517 адам, 73%-ды құрайды, 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 7%-ға жоғары;

«қанағаттанарлық» - 90 адам, 13%-ды құрайды, 10% 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 10%-ға жоғары;

Бір пәннен «4» - 43 адам, 6%-ды құрайды, 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 5%-ға төмен;

Бір пәннен «3» - 62 адам, 9%-ды құрайды, 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 6% -ға жоғары;

Екі пәннен «3» - 23 адам, 3%-ды құрайды, 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 2,2% төмен.

Үш пәннен «3» және одан да көп пәннен - 4 адам, 0,6%-ды құрайды.

2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша:

➤ негізгі мектеп оқушыларының нәтижелері стратегиялық көрсеткіштен 15%-ға жоғары;

➤ жоғары мектеп оқушыларының нәтижелері стратегиялық көрсеткіштен 6,6% жоғары.


Оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы	Жоспар	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	Оқу жылы
Негізгі мектеп үшін	70%	52,3%	66,9%	76,7%	75,8%	85,2
Жоғарғы мектеп үшін	80%	72,3%	74,6%	85,8%	86,6%	92,8

Мектеп стратегиялық көрсеткішті орындау бойынша табысты жұмыс істейді деп айтуға болады. Егер 1 тоқсанмен салыстырсақ, негізгі мектепте білім сапасының көрсеткіштері 32,9%, орта мектепте 20,5% өсті.

Кесте. Оқыту тілдері бөлінісінде сыныптар бойынша білім сапасы (%)

Сынып	Оқыту қазақ тілінде				Оқыту орыс тілінде				Қорытынды			
	2019-2020	2020-2021	2021-2022	Динамика	2019-2020	2020-2021	2021-2022	Динамика	2019-2020	2020-2021	2021-2022	Динамика
7-сынып	96,4	100	91,3	-8,7	89,6	92,5	85,0	-7,5	94,6	96,3	89,2	-7,1
8-сынып	98,8	98,3	87,5	-10,8	95,8	100	89,5	-10,5	98,2	99,3	88,1	-11,2
9-сынып	95	98,9	79,3	-19,6	95,2	91,7	72,9	-18,8	95,1	95,3	77,3	-18
10-сынып	97,1	94,9	88,5	-6,4	94,6	89,5	91,7	+2,2	97,2	92,2	89,2	-3
11-сынып	97,1	100	91,2	-8,8	87,8	94,6	83,3	-11,3	94	97,3	89,3	-8
12-сынып	100	94,6	97,6	+3,0	94,1	89,5	88,9	-0,6	97,1	92,1	95,0	-2,9
БАРЛЫҒЫ:	97,4	97,8	88,4	-9,4	92,9	93	84,3	-8,7	96	96,8	87,3	-9,5

Диаграмма. Параллель бойынша білім сапасы



Жалпы орта білім туралы үздік аттестаттар мен «Алтын белгі» белгісін алуға үміткерлердің нәтижелері

2021-2022 оқу жылының бірінші жартыжылдығының басында 12-сыныптың 119 оқушысы арасында 3 оқушы "Алтын белгі" белгісіне үміткер болып, 18 оқушы Үздік аттестатқа үміткер болды, бұл 12-сынып оқушыларының жалпы контингентінің 15% -ын құрады. Сыртқы жиынтық бағалау қорытындысы бойынша барлық үміткерлер өз нәтижелерін растады.

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

1. 10-сынып параллелінде білім сапасын арттыру бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру.
2. Оқытуды даралау мен тұлғаға бағыттауды дамыту.

2.3. Оқушылардың оқу жетістіктерін сыртқы жиынтық бағалау

Пәндер бөлінісіндегі 12-сыныптағы сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері

Пәндер	A*	A	B	C	D	E	U	Білім сапасы %	Оқушылар саны
Математика	22	25	32	25	10	5	1	87	120
ҚӘҚ	55	33	21	11	-	-	-	100	120
Қазақ тілі	10	34	29	10	-	-	-	100	83
Орыс тілі	3	7	16	11	-	-	-	100	37
Информатика	20	20	22	11	7	1	-	90	81
Физика	26	28	25	18	9	1	-	91	107
Химия	13	6	7	8	4	-	-	89	38
Биология	3	2	4	3	1	-	1	86	14
География	3	9	19	13	4	-	-	92	48

Алдыңғы оқу жылдарымен салыстырғанда 12-сыныптағы сыртқы жиынтық бағалау қорытындылары бойынша білім сапасы

Пәндер	2021-2022 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
Математика	87%	83%	62%
ҚӘҚ	100%	97%	94%
Қазақ тілі	100%	99%	97%
Орыс тілі	100%	95%	83%
Информатика	90%	98%	92%
Физика	91%	86%	93%
Химия	89%	86%	92%
Биология	86%	81%	80%
География	92%	89%	52%

Сыртқы жиынтық бағалау қорытындысы бойынша 12-сыныпта 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда математика (4%), ҚӘҚ (3%), қазақ тілі (1%), Орыс тілі (5%), Физика (5%), Биология (5%), Химия (3%), география (3%) пәндерінен жоғарылау және информатика бойынша білім сапасының көрсеткіштерінің төмендеуі (-8%) бар.

Мектептің барлық түлектері ҰБТ сертификаттарын алды. Мектеп бойынша ҰБТ сертификатының орташа балы 131,2 балды құрады (2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 0,6 балға артық).

Пәндер бөлінісінде 10-сыныпта сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері

Пәндер	A*	A	B	C	D	E	U	Білім сапасы %	Оқушылар саны
Математика	7	18	18	21	24	15	8	58	111
Қазақ тілі Т1	4	12	38	25	7	1	0	91	87
Орыс тілі Т1	1	3	12	8	0	0	0	100	24
Қазақ тілі Т2	2	3	12	4	3	0	0	88	24
Орыс тілі Т2	0	24	48	13	2	0	0	98	87
Қазақстан тарихы	9	41	34	27	0	0	0	100	111
Ағылшын тілі	6	19	49	23	12	2	0	87	111
Информатика	0	2	7	2	1	0	0	92	12
Физика	2	8	19	15	15	6	0	68	65
Химия	2	3	1	1	0	0	0	100	7
Биология	0	2	6	10	4	3	2	67	27

Алдыңғы оқу жылдарымен салыстырғанда 10-сыныптағы сыртқы жиынтық бағалау қорытындылары бойынша білім сапасы

Пәндер	2021-2022 оқу жылы	2020-2021 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы
Математика	58%	50%	СЖБ өткізілмеді
Қазақ тілі Т1	91%	92%	
Орыс тілі Т1	100%	89%	
Қазақ тілі Т2	88%	84%	
Орыс тілі Т2	98%	97%	
Қазақстан тарихы	100%	99 %	
Ағылшын тілі	87%	85%	
Информатика	92%	57%	
Физика	68%	74%	
Химия	100%	88%	
Биология	67%	75%	

Сыртқы жиынтық бағалау қорытындысы бойынша 10-сыныпта математика (8%), орыс тілі Т1 (11%), қазақ тілі Т2 (4%), орыс тілі Т2 (1%), Қазақстан тарихы(1%), ағылшын тілі (2%), информатика (35%), химия (12%) бойынша 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда нәтижелердің артуы, және физика (-6%), биология (-8%) бойынша білім сапасы көрсеткіштерінің төмендеуі байқалады.

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Валидті нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалау рәсімдерін жетілдіру
2. Болашақ мамандығын саналы түрде таңдау мақсатында 9-10-сынып деңгейінде оқушылардың бейіндік даярлығын күшейту

2.4. IELTS, SAT халықаралық емтиханының нәтижелері 12-сынып оқушыларының IELTS халықаралық емтиханының нәтижелері (30 қазан, 2020)

2021-2022 оқу жылында 120 оқушы IELTS халықаралық емтиханын тапсырды. Оқушылардың орташа балы-6,7. 9 оқушы 8,0 балл, 18 оқушы 7,5 балл жинаса, 4 оқушы 5,0 және 5,5 балл жинады.

Бағаланатын барлық төрт дағды бойынша емтихан нәтижелерін ағылшын тілі ӘБ пәні мұғалімдері талдады, бұл күшті дағдыларды анықтауға және оқушыларды одан әрі даярлау кезінде баса назар аудару қажет дағдыларды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл талдау жазылым және айтылым дағдылары бойынша оқушылар тыңдалым және оқылым дағдыларымен салыстырғанда орташа балл аз алғанын көрсетті.

Бұл дағдылар төрт критерий бойынша бағаланады. Егер ауызша сөйлеу үшін еркін сөйлеуі мен байланыстылығы, дұрыс айтылуы, лексикалық қоры, грамматикалық құрылымдардың дұрыс қолданылуы, сөздердің алуантүрлілігі мен дұрыстығы болса, онда жазбаша сөйлеу үшін бұл тақырыпты ашу, баяндаудың логикалық байланысы, орфография, лексикалық және грамматикалық әртүрлілік. Осы төрт критерийдің әрқайсысы бойынша қойылған ұпайлар тең.

Оқушылардың ағылшын тілі мұғалімдерімен, сондай-ақ мектептің халықаралық оқытушыларымен тұрақты практикалық сабақтан тыс әңгімелесу сессиялары барысында және сынақ емтихандары кезінде жазбаша жұмыстарды бағалау барысында осы дағдылар бойынша емтиханда жоғары балл алу үшін қажетті сөздік қорының көлемі одан әрі дамуды талап ететіндігі анықталды, өйткені ұсынылатын өмір салалары сөйлеу немесе жазу, кең көлемде ұсынылған және академиялық тілді осы бағыттарда қолдану оқушыларға белгілі бір қиындықтар туғызады.

Сонымен қатар, көптеген оқушылар емтиханның ауызша бөлігі кезінде емтихан алушылардың мінез-құлқына психологиялық тұрғыдан дайын емес болып шықты, өйткені олардың сөзін уақыт шектеулеріне байланысты қажет болмаса, бөлмей мұқият тыңдауға дағдыланған, нәтижесінде оқушылар нашар жауап бердік деп ойлап, қатты қобалжи бастаған және мотивациялары айтарлықтай төмендеген.

Бұдан шығатыны, қазіргі уақытта жазу және сөйлеу дағдыларының төмен көрсеткіштерінің негізгі себептері мыналар:

1. жазу құрылымы мен қолданылатын лексика бойынша дайындықтың белгілі бір түрін қажет ететін екі түрлі тапсырмадан тұратын жазылым сияқты көп уақытты қажет ететін дағды бойынша тәжірибе мен кері байланыс алуға уақыттың жетіспеушілігі;

2. орта мектепте тапсырмаларды орындау құрылымы мен мазмұны бойынша ағылшын тілін үйрену бағдарламасының IELTS емтиханындағы тапсырмалардан айырмашылығы, бұл жазылым және айтылым дағдыларын бағалау кезінде ұсынылған мәселелер мен тақырыптарға көбірек назар аударуға мүмкіндік бермейді және тек IELTS-ке дайындық бойынша қосымша сабақтарда немесе өз бетінше оқытылады.

Алдыңғы жылдармен салыстырғанда дағдылар бойынша нәтижелер:

Оқу жылы	Тыңдалым	Оқылым	Жазылым	Айтылым	Барлығы
2018-2019	6,8	6,8	5,9	6,1	6,4
2019-2020	7,2	7,1	6,2	6,0	6,7
2020-2021	7,2	6,8	6,0	6,3	6,7
2021-2022	7,3	6,8	6,1	6,2	6,7

Балдар бөлінісінде оқушылардың нәтижелері:

Оқу жылы	8,0	7,5	7,0	6,5	6,0	5,5	5,0
2018-2019	2	6	16	14	14	16	3
2019-2020	6	15	11	15	12	8	1
2020-2021	5	22	24	25	27	7	2
2021-2022	9	18	30	36	23	3	1

SAT. SAT (SAT Reasoning Test, Scholastic Aptitude Test, Scholastic Assessment Test) — АҚШ, Финляндия, Гонконг, Түркия, Қазақстандағы Назарбаев университеттеріне түсу үшін қажет стандартталған американдық тест . Тест талапкердің бірнеше саладағы білімін бағалауға арналған. Сонымен қатар, кейбір мамандықтарға түсу үшін SAT Subject Test бейіндік емтиханын тапсыру қажет. Бұл тест SAT I деп те аталады, ал профиль SAT II деп аталады. Емтиханның негізгі ұйымдастырушысы-College Board жеке ұйымы.

	Барлық оқушылар	SAT1 Орташа балл	SAT2 Тапсырғандар саны	SAT2 Орташа балл	SAT2 Орташа балл	SAT2 Орташа балл	SAT2 Орташа балл	SAT2 Орташа балл
	SAT1			math 1	math 2	physics	chemistry	bio
2017-2018	31	1293	19	647	686	636	-	-
2018-2019	30	1415	19	630	707	688	620	720
2019-2020	35	1190	7	760	678	645	790	800
2020-2021	59	1214	11	650	653	578	720	770
2021-2022	80	1303	8	720	743	667	715	-

Орал қ. ФМН НЗМ оқушылары математиканы жақсы орындайды және орта есеппен 650 балдан жоғары балл алады, бұл жоғары нәтиже болып саналады.

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері оқушылардың өнімділік дағдыларын жақсарту үшін мақсатты түрде жұмыс істеуі қажет;
2. Сыни оқу мен жазуды дамытуға бағытталған элективті курстың мазмұнын жетілдіру.

2.5. Олимпиадалар

Білім беру сапасының көрсеткіштерінің бірі-оқушының бәсекеге қабілеттілігі, оның әртүрлі білім салаларындағы құзыреттілігі, олар әртүрлі конкурстарға, олимпиадаларға және жарыстарға қатысу кезінде көрінеді. Оқушыларды пәндік білімдерін жетілдіруге ынталандыру үшін пәндік олимпиаданың мектепішілік кезеңі ұйымдастырылды, оған 9-12 сыныптардың 233 оқушысы қатысты. Олимпиаданың желілік кезеңіне қатысу үшін мектеп олимпиадасының 34 алтын және күміс жүлдегерлері таңдалды, олардың 17-сі төмендегі кестеге сәйкес жүлдегерлер атанды:

2022 жылғы Желілік пәндік олимпиада жеңімпаздары:

№	ТАӘ	Сы- нып	Пән	Орын	Мұғалім	Тренер
1	Досанова Гүлназ	10С	Қазақ тілі Т1	2	Тажигалиева З.Т.	-
2	Салауатқызы Ақбота	12А	Қазақ тілі Т1	2	Жакыпжанова А.С.	Жантуриева Г.Б.
3	Бағдат Камила	11В	Русский язык Я2	2	Хасанова И.О.	Брекеева С.З.
4	Тасбулатова Айнұра	12С	Русский язык Я2	3	Брекеева С.З.	Хасанова И.О.
5	Тоқсан Нұрғауһар	10А	Русский язык Я2	1	Унгаралиева Э.С.	Сальменова Т.Б.
6	Дауренұлы Жаһангер	10В	Русский язык Я2	2	Унгаралиева Э.С.	Сальменова Т.Б.
7	Абдеш Дильназ	10В	Право	1	Хамзина Э.Н.	-
8	Румкулова Анель	10А	История Казахстана	3	Бердигалиева Л.С.	Мағзумова А.С.
9	Ташимова Азиза	11С	История Казахстана	2	Бердигалиева Л.С.	Ашимова Д.Т.
10	Нұрлыбай Әлия	11А	Английский язык	1	Каленова А.Ж.	Хайруллина Ш.М.
11	Умарғали Әсер	8С	Биология	3	Жубанова Б.Т.	Аманжолов А.А.

12	Өтепқали Махамбет	8А	Информатика	3	Сулейменова А.А.	Зеленов Б.А.
13	Жоламан Рэйчел	9С	Химия	3	Жанахметов А.С.	Киматова Г.Т.
14	Бауржан Али	12А	Химия	3	Киматова Г.Т.	-
15	Баймуканов Анис	9F	Физика	3	Золотарь М.В.	Бисеков К.Х.
16	Тлеу Ерұлан	9F	География	3	Бегжанова М.Б.	Мулдағалиев Н.Н.
17	Оразғали Азамат	10D	География	3	Аманғалиева С.А.	Бегжанова М.Б.

Мектептің 7 оқушысы Республикалық пәндік олимпиадаға жолдама алды, оның 2-еуі жүлделі орындарға ие болды:

Республикалық пәндік олимпиада жүлдегерлері:

№	ТАӘ	Сынып	Пән	Орын	Мұғалім	Тренер
1	Бауыржан Али	12А	Химия	3	Киматова Г.Т.	
2	Нұрлыбай Алия	11А	Английский язык	1	Каленова А.Ж.	Хайруллина Ш.М.



Олимпиадалық резервті қолдау және дамыту аясында мектеп саралау және білімді тереңдетуді, жеке жұмысты және оқушылардың әртүрлі деңгейдегі оқу-жаттығу жиындарына қатысуды жалғастыруда. Дәстүр бойынша жазғы мектеп аясында 7-9 сынып оқушылары үшін 30 мамырдан 7 маусымға дейін Олимпиадалық дайындық мектебі ұйымдастырылды.

Жалпы алғанда, «Математика» пәнінен бөлек басқа пәндердің бәрінен олимпиадаға дайындауда нәтижелі жұмыс байқалады.

2022-2023 оқу жылына арналған міндет:

1. Математика пәнінен олимпиадаларға дайындық бойынша тренер іздеу бойынша жұмысты жалғастыру;
2. Математика мұғалімдерінің оқушыларды дайындау стратегияларын жаңарту.

2.6. Ғылыми жобалар байқаулары мен оқушылар конференциясы

Мектеп оқушыларының жобалау қызметі-дамудың, оқытудың және тәрбиелеудің интегративті дидактикалық құралы, ол нақты жобалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, проблеманы анықтау, мақсат қою, іс-әрекетті жоспарлау, рефлексия және өзіндік талдау, презентация және өзін-өзі таныстыру, сонымен қатар ақпарат іздеу, академиялық білімді практикалық қолдану, өз бетімен оқу, зерттеушілік және шығармашылық қызмет.

Төменде оқушылардың ғылыми жобалар конкурстары мен конференцияларға қатысуының сандық сипаттамалары келтірілген. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша (күндізгі / қашықтықтан):

Деңгей	Бас жүлде	1 орын	2 орын	3 орын	Номинант	Барлығы
Халықаралық	0	1	2	2	0	5
Республикалық	0	5	7	8	0	20
Аймақтық	0	0	0	0	0	0
Желілік	0	3	3	1	0	7
Мектепшілік	0	12	19	19	13	63



Оқу жылының басынан бастап Республикалық «Дарын» жобалар конкурсының мектеп кезеңіне қатысу үшін әр түрлі бағыттар бойынша 101 жобамен 126 оқушы тіркелді. Ғылыми жобалардың желілік конкурсына мектеп іріктеуінен 12 оқушы өтті, олардың 6-ы жүлделі орындарға ие болды және пәндік білім бойынша тестілеуге қол жеткізді. Жалпы қорытындысы бойынша екі жұмыс 595 жоба арасында үздік деп танылды. Солардың бірі-Батыс Қазақстан облысында қыш өнерінің пайда болу тарихы мен ерекшеліктеріне арналған 11 сынып оқушысы Адель Шаукенееваның ғылыми жұмысы. Зерттеудің бірегейлігі химия мен тарих арасындағы пәнаралық байланыс болып табылады, мұнда біздің аймақта алғаш рет тарихи артефактілердің минералды және элементтік құрамын анықтау үшін арнайы зертханалық зерттеулер жүргізілді. Сондай-ақ, көшбасшылар үштігіне 12 сынып оқушысы Дильназ Уашеваның жұмысы кірді. Ол «Offline digital planetarium» жобасын таныстырды - бұл зымыранның координаттары мен траекторияларын есептеудің жаңа әдісін қолданатын Күн жүйесінің моделі. Планетарий сонымен қатар аспан денелерінің орналасуын сәтті болжауға, зымырандардың қозғалысын модельдеуге, ғарыштық зымырандардың қозғалыс траекториясын интерактивті және тиімдірек түрде есептеуге мүмкіндік беретін қосымшаны ұсынады.

2021 жылдың қараша айында XVII республикалық "Зерде" зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауының мектепішілік кезеңіне қатысу үшін 7 сынып оқушыларының 33 жұмысы ұсынылды. Үш жоба желілік кезеңнің іріктеуінен сәтті өтіп, республикалық кезеңде жүлделі орындарға ие болды. Байқаудан бірінші орын алған Тамерлан Шынболат пен Гүлім Тілепберген қазақтың алғашқы дәрігерлерінің бірі, Батыс Алашорда үкіметінің көрнекті қайраткері Ахмет Мәметовтің қазақ қоғамының дамуына қосқан үлесін зерттеді. Жас зерттеушілер өз жұмысының шығармашылық өнімі ретінде виртуалды мұражай мен онлайн платформаны ұсынды. Нұрымхан Биркин мультфильмдер арқылы ағылшын тілін үйрену үшін жеке ассистент құрып, екінші жүлделі орынға ие болды. Өзінің ғылыми жұмысында 7-сынып оқушысы Мансия Мұхамбет (III орын) шетелдік фильмдерді қазақ тіліне аударудың өзекті мәселелерін ашып, өз нұсқаулығын ұсынды.



2021 жылдың қараша айында мектеп оқушылары «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған "Менің кіші Отаным" IV Республикалық Жас тарихшылардың зияткерлік байқауында 3-жүлделі орынға ие болды. "Ел тарихындағы Менің Отанымның рөлі" номинациясының жеңімпазы 9-сынып оқушысы Жанар Жардемова Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Қособа ауылының әдемі пейзаждары мен тарихи мұрасы туралы эссе жазды. 10-сынып оқушысы Айша Жоламанова "Менің кішкентай Отанымның символы" номинациясының жеңімпазы Тақсай ханшайымының ғажайып әлемі туралы анимациялық бейнеролик ұсынды. 9-сынып оқушысы Айша Жексембиева осы номинация бойынша екінші орын иегері атанып, өзінің бейнерепортажының негізінде "Ақ Жайық" трилогиясының авторы Хамза Есенжанов туған Сарыөмір ауылы туралы тарихи мәліметтерді жинастырды. Айша Батыс Қазақстан облысындағы Шалқар көлінің ең терең және ең үлкен су айдынын дамытудың туристік кластерінің келешегі, оның экологиялық жағдайы, аймақ тарихындағы жұмбақ Алжандық қоқыс пен құлпытастардың орны туралы айтып берді.



ТОМИРИС РЕПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУДА ТОП ЖАРДЫ

8-сынып оқушысы Томирис Біржанқызы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Кітапханасы ұйымдастырған байқауда II жүлделі орынға ие болды. Ғылыми-зерттеу жобасы аясында Томирис Тәуелсіз Қазақстанның тарихын Елбасы қызметінің призмасы арқылы зерттеп, оның «Елбасы жолы: Жұлдыздар тоғысқанда» фильміндегі бейнесін талдады.

8-сынып оқушысы Ерсұлтан Ерниязов «Тұңғыш қазақ генералы – Ғұбайдолла Жәңгіров» атты баяндама жасап, студенттер мен жас ғалымдардың «Әл-Фараби әлемі» халықаралық конференциясында III орынға ие болды. Жобада Императорлық Армия атты әскерінің

генералы атағын алған тұңғыш қазақ Ғұбайдолла Жәңгіровтың өмірі мен әскери-қоғамдық қызметі зерттелді.

2022 жылдың сәуір айында 8-сынып оқушысы Бекарыс Есім Королев қаласында (РФ) өткен «Адам-Жер-Ғарыш» халықаралық байқауында Соркөл көлінің суы мен балшығының емдік қасиеттерін анықтау жобасын сәтті ұсынды. «Экология, химия, биология «ЭХБ» зертханалық жұмыстарға арналған кешенін пайдалана отырып, Бекарыс Соркөл сазының тұздылығы жоғары екенін анықтады.

7D сынып оқушысы Амангелді Санжар VI өңірлік (халықаралық қатысумен) оқушылар мен мұғалімдер конференциясында " Еділден тыс біз үшін жер жоқ!" Сталинград шайқасының басталуының 80 жылдығына. Жоба барысында Санжар үлкен жұмыс атқарды: тарихшы-өлкетанушылар А.Ш. Құрымбаевпен, А. К. Батырхановпен, өлкетанушы, ізденуші С. В. Лапшинмен кездесулер өткізді. М. Өтемісов атындағы БҚУ мұражайына барып, мұражай басшысы Г. Н. Есевамен сұхбат жүргізді. Байқаудың қазылар алқасы зерттеу жұмысын жоғары бағалады.

11а-сынып оқушылары Дүйсекешев Санжар мен Ғабдуалиев Ернар «Математика және жобалау» XVI халықаралық байқауында» ЕРА «Чат-боты (Exam Preparation Assistant)» тақырыбындағы жобамен II жүлделі орынға ие болды. Білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін Дүйсекешев Санжар мен Ғабдуалиев Ернар Зияткерлік мектептердің бітіруші сынып оқушыларына IELTS сыртқы пәндік емтихандары мен ағылшын тілін сәтті тапсыруға дайындалуға көмектесетін чат-бот құрды. Чат-бот өнімі - қарапайым, интуитивті интерфейс арқылы өзара әрекеттесетін мәтін немесе дауыс арқылы адаммен қарапайым тілде "сөйлесе" алатын компьютерлік бағдарлама. Бұл чат-бот білім алу мен бекітуді жеңілдету, сондай-ақ, олардың игерілуін тексеру үшін белсенді қолданылады.



Сапаров Алмаз Алматы қаласында өткен InfoMatrix 2022 халықаралық байқауына қатысып, ChestXRay жобасымен I жүлделі орынға ие болды, оның жұмысы медицинада жасанды интеллектті қолдануға негізделген. Мектеп оқушыларының бір тобы Ақтау қаласында өткен Caspian Start Up дәстүрлі байқауына қатысты.

2021-2022 оқу жылында мектепте дәстүрлі түрде "Эврика" ғылыми-зерттеу

жобаларының отбасылық байқауы өткізілді, оның негізгі мақсаты зерттеу дағдыларын қалыптастыру, 7-сынып оқушыларының зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту және отбасылық құндылықтарды дәріптеу болып табылады. Байқау оқушыларымыздың таланттарының қаншалықты алуан түрлі және шексіз екенін көрсетуге мүмкіндік береді. Байқаудың бағыттары физика, дизайн, өлкетану, биология және т.б. секілді ғылымның теориялық және қолданбалы салаларының спектрін қамтиды. Қатысушылардың көпшілігінің пікірінше, «Эврика» – бұл нағыз



жаңалық, бұл ғылыми жобаны жазудың алғашқы және құнды тәжірибесі, зерттеудің бастапқы қадамдары.

NIS Programme зерттеу дағдыларын дамытуға негізделген, осыған байланысты оқушылардың сұрақтар мен гипотезаларды тұжырымдау, жарамды деректерді жинау және нәтижелерді түсіндіру қабілетін қалыптастырудың бірінші жылынан бастап маңызды. Болашақта бұл түлектерге жоғары деңгейлі маман болуға, жаңалық ашуға және кәсіпте жетістіктерге жетуге көмектеседі. Байқаудың жеңімпаздары болып Махсот Бекарыс (Биология және медицина), Нұржан Аслан (Биология және медицина), Мұхамбет Мансия (Қазіргі әлемдегі адам) отбасылық командалары танылды. Сондай-ақ, тәжірибелі педагогтерден құралған қазылар алқасы жекелеген жобаларды "Жарқын бастама", «Өзекті тақырып» және «Креативті шешім» номинацияларын атап өтті.

2022-2023 оқу жылына арналған міндет:

1. Таңдалған салада ғылыми ізденістерге авторлық құқықты тіркеу бойынша педагогтер мен оқушыларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

3. БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ

3.1. Қамқоршылық кеңес

Орал қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің Қамқоршылық кеңесінің қызметі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2014 жылғы 28 тамыздағы шешімімен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Қамқоршылық кеңесі туралы Үлгілік ереже негізінде, сондай-ақ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында белгіленген міндеттерге сәйкес перспективаларымен құрылған, мектептің жұмыс жоспарында белгіленген. Мектептің Қамқоршылық кеңесінің міндеттері: зияткерлік мектептің Ережеде көзделген міндеттерін іске асыруға жәрдемдесу, сондай-ақ материалдық базаны нығайту және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру үшін қосымша қаржылық және мүліктік ресурстарды тарту. Басқа жұмысқа ауысуына және басқа да жағдайларға байланысты мектептің Қамқоршылық кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілді. «Қамқоршылық кеңестің қазіргі құрамы» Назарбаев Зияткерлік мектептері " ДББҰ Басқарма төрағасының 23.10.2020 ж. № 48 бұйрығымен бекітілген.

3.2. Мектептің педагогикалық кеңесі

2021-2022 оқу жылында мектептің педагогикалық кеңесі оқу-тәрбие жұмысының негізгі мәселелерін қарастырды. Бекітілген жоспарға сәйкес ағымдағы мәселелер бойынша 10 отырыс және 13 жоспардан тыс отырыс өткізілді.

Педагогикалық кеңестің отырыстарында 2021-2022 оқу жылындағы, оқу тоқсанындағы сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерін талдау, мектепті бағалау практикасы, академиялық адалдық мәдениеті, оқу нәтижелерінің жарамдылық деңгейі, бейімделген және дербестендірілген оқыту, отбасы мен мектептің коммуникациясы, аттестация аралық кезеңдегі педагогикалық практика, қашықтықтан оқыту және сандық сауаттылық, педагогтердің кәсіби тәжірибесін дамыту және т.б. секілді оқу-тәрбие процесіне қатысты мәселелер қаралды.

3.3. Әдістемелік кеңес

Әдістемелік кеңестің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысы оқу жылының басында бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Әдістемелік кеңестің құрамына бұйрыққа сәйкес 15 педагог қызметкер кірді.

Оқу жылы ішінде 3 отырыс өтті. Әдістемелік кеңестің жұмысы аттестатталатын педагог қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсетуге, рейтингтік карта арқылы педагог қызметкерлердің кәсіби өсуін ынталандыруға, мектептің педагог қызметкерлерінің тәжірибесін жинақтауға және таратуға бағытталған.

Мектептің ӘК-тің басым бағыттарының бірі мұғалімдерге SMART форматында кәсіби даму мақсатын құруға көмектесу болып табылады. Талқылау барысында кураторлар мен тәрбиешілердің кәсіби даму мақсатын құруда қиналатыны атап өтілді. Мәселе, негізінен, «бағалау» мақсатының критерийге сәйкес келмеуінде екені анықталды. Педагог қызметкерлердің қызметіне жартыжылдық шолудан кейін әдістемелік бірлестік жетекшілері ұсынған мектептің бағалау парағы негізінде екінші

жартыжылдықта одан әрі даму бағыттары айқындалды. Мектептегі бағалау шеңберінде мұғалімдердің тәжірибесіне жылдық шолу қорытындысы бойынша барлық педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар кәсіби даму мақсаттарына қол жеткізді.

Әдістемелік кеңестің екінші отырысында педагогтің рейтингтік картасы талқыланды, оның мақсаты білім беру сапасы мен педагогтердің жұмыс тиімділігін бағалау және бақылау үшін бірыңғай критерийлерді енгізу болып табылады. Бұл әр мұғалімнің алға жылжу деңгейін көруге мүмкіндік береді. Рейтингтік карта-бұл мұғалімнің кәсіби қызметін бағалау құралы ғана емес, сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби міндеттерін өз бетінше түсінуге және шешуге ынталандыру құралы. Бұл - оқытушылардың қызметін жан-жақты көрсететін ақпараттық база. Бұл құрал мұғалімдердің біліктілігі мен кәсібилігін арттыруға деген ынтасын арттыруға, олардың өзін-өзі бағалау және өз жұмысын талдау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Осы оқу жылында әдістемелік кеңестің қарауына 2 әдістемелік құрал ұсынылды: олар халықаралық және республикалық деңгейлерде атап өтілді. Ағылшын тілі пәнінің мұғалім-сарапшысы А. А. Жасыбаеваның 10-сынып оқушыларына арналған «Медиасауаттылық» элективті курсы әртүрлі медиа-өнімдерді жасау, оларды бағалау және талдау, әлеуметтік желіде жарнама жасау, мақалалар, посттар жазу дағдыларын дамытуға бағытталған, "Медиа сауаттылыққа арналған ағылшын" ЖАОК материалдары мен медиа сауаттылыққа арналған контентті қосқаны үшін грант алды орта мектептің сыныптан тыс сабақтардағы ағылшын тілінің оқу бағдарламасы («Орталық Азиядағы медиа сауаттылық және білім беру» халықаралық конференциясы). 8-9 сынып оқушыларына арналған «Семантикалық оқу стратегиялары» атты орыс тілі мен әдебиеті бойынша сарапшы-мұғалімі О.В.Опряның авторлық бағдарламасы республикалық авторлық бағдарламалар конкурсында 3 орын алды. Оның мақсаты функционалдық дағдыларды дамыту, оқушыларды семантикалық оқу стратегияларына үйрету болып табылады.



Әдістемелік құралдарға шолу жасау арқылы авторлардың сапалы мазмұндық материал жасайтыны, жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптарды сақтайтыны көрінді. Сарапшылардың сындарлы кері байланыс беретіндігі авторлардың жұмыстарға өзгерістер енгізуіне мүмкіндік береді.

3.4. Ата-аналар комитеті

2021-2022 оқу жылында ата-аналар комитетінің жұмысы осы кезеңге бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Жалпы мектептік ата-аналар комитетінің құрамына 102 ата-ана кірді: әр сыныптан 3 адам. Жалпы мектептік ата-аналар комитетінің төрағасы болып Қ. Қапашев сайланды. Төраға мен ата-аналар комитеті мектептің барлық бағыттағы жұмысын толық қолдайды.

Оқу жылы ішінде 4 жоспарлы отырыс өткізілді.

Жалпы мектептік ата-аналар комитеті жұмысының негізгі бағыттары:

1. оқу қызметін қамтамасыз ету, оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

2. балалардың бос уақытын ұйымдастыру;
3. ата-аналардың мектеп жобалары мен акцияларына қатысуы.

Осы оқу жылында ата-аналар комитетінің барлық отырыстары мен ата-аналар жиналыстары, соның ішінде «бетпе-бет» жоспарланған күн тәртібіне сәйкес онлайн форматта өтті. Кездесулерде ата-аналар оқушылардың пәндер бойынша үлгерімі, оқушылардың олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына қатысуы мен нәтижелері туралы барлық ақпаратты алды. Ата-аналар тәрбие жұмысы, өткізілген іс-шаралар, жобалар, акциялар, сондай-ақ жүргізілген кәсіптік бағдар беру жұмыстары туралы есептерді тыңдады. Сондай-ақ, мектеп әкімшілігі ата-аналармен және бітіруші сынып оқушыларымен сыртқы қорытынды бағалауды ұйымдастыру туралы бірқатар кеңестер өткізді, онда ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қоя алды.

Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі ата-аналар университеті туралы ереже» ұсынымдарына сәйкес жасалды. Әрбір параллель үшін педагог-кураторларды, ата-аналарды, педагог-психологтарды, мектептің медицина қызметкерлерін, кәсіптік бағдар беру жөніндегі Кеңесшіні, мұғалімдер мен оқушыларды тарта отырып, өткізілген іс-шаралардың өз блогы әзірленді. Сабақ түрлері әр түрлі болды: теориялық семинарлар, баяндамалар, хабарламалар, семинар-практикумдар, вебинарлар, тренингтер, ата-аналардың оқулары, ата-аналардың конференциялары, отбасылық тәрбиенің өзекті мәселелерін талқылау, кеңес беру жұмыстары.

Жаңа оқу жылына арналған Ата-аналармен жұмыс бойынша ұсыныстар:

1. Ата-аналармен бірлесіп ашық сынып іс-шараларын өткізу;
2. Оқушылар мен ата-аналарды біріктіретін ата-аналар жиналыстары мен түрлі іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту;
3. Қоғамдық аумақты жинау бойынша бірлескен спорттық іс-шаралар мен сенбіліктерді ұйымдастыру;
4. Әр түрлі мектепішілік және сыртқы ақпарат көздерін пайдалана отырып, ата-аналарды мектептің оқу жылындағы жетістіктері туралы хабардар ету (әлеуметтік желілерде материалдарды жариялау);
5. Ата-аналармен жұмыс жасауда жаңа формаларды қолдану (ата-аналар жиналысы, танымдық іс-шаралар, отбасылық жобалар конференциясы).

3.5. Оқушылар кеңесі

Мектепте өз жұмысын оқушылар арасында беделге ие оқушылардың өзін-өзі басқару органы жүзеге асырады. Оның қызметі Зияткерлік мектеп оқушыларының құқықтарын іске асыруға бағытталған. Жыл сайын оқу жылының басында мектеп оқушыларының арасынан жасырын дауыс беру арқылы кандидаттар мен сайлаушылар үшін белгіленген ережелер бойынша бір жыл мерзімге мектеп президенті сайланады. Осы оқу жылында сайлау 29 қазанда өтті, 11в сынып оқушысы Бауыржан Нұртөре мектеп президенті болып сайланды.

Сайлаудан кейінгі ұлықтау рәсімі дәстүрлі түрде оқу жылына Президент куәлігімен өтеді.

Бауыржан Нұртөре өз жұмысын өзінің сайлауалды бағдарламасын ескере отырып, жұмыс жоспарын әзірлеуден бастады. Оқушылардың өзін-өзі басқару құрамы

"Шаңырақ" қоғамдастығы арасында "министрлік" лауазымына кастинг жарияланды. "Білім министрлігі", "іс-шаралар министрлігі", "Спорт және экспорт министрлігі", "еріктілер министрлігі", сондай-ақ https://instagram.com/q_yurt?igshid=YmMyMTA2M2Y (Басты бет), https://t.me/q_study_nis (білім конкурстары туралы жаңалықтар беті).

Нәтижесінде өзін-өзі басқару мүшелеріне шаңырақтың 16 басшысы және "министрліктерде" жұмыс істейтін 53 оқушы кірді. Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының нәтижелері педагогикалық кеңесте "мектептегі әлеуметтік-білім беру жобаларын басқару арқылы оқушылардың бастамаларын дамыту" тақырыбында көрсетілді.

Осы оқу жылындағы оқушылар кеңесі жұмысының күшті жақтары:

* Іс-шараларды ұйымдастырудағы жүйелілік. Мектеп президенті мен ұжымы өз жоспарына сәйкес әр параллель немесе біріктірілген параллель үшін іс-шараларды біртіндеп ұйымдастырып, жүзеге асырды. Әр іс-шара үшін ережелер әзірленді. Бұл шаңырақ оқушыларына өз бетінше тіркелуге, ұсынылған іс-шараға қатысуға, команда жинауға мүмкіндік берді.

* "Министрліктердің" мықты командасы, әрбір "министрліктің" өз жұмыс бағыты үшін жауапкершілігі. Бұл студенттерге белгілі бір адамдардан көмек сұрауға немесе олардың сұрақтарына жауап алуға көмектесті.

* Алдағы іс-шараларды ұйымдастыру немесе өткен іс-шараларды талдау үшін студенттік өзін-өзі басқарудың барлық басшыларының апта сайынғы жиналысы.

* Шаңырақтың барлық оқушылары арасында мектеп өміріне қанағаттану бойынша сауалнама жүргізу.

* Волонтерлік қызмет бойынша белсенді жұмыс: балалар ауылдарындағы балалар заттарын жинау; жануарларға арналған баспаналардың аумақтарын жинау; қоқыс жинау үшін қала бойынша экологиялық саяхат, қайырымдылық жәрмеңкелері, кино кештері.

Оқушылар кеңесі жұмысының әлсіз жақтары:

* Мектеп клубтары мен үйірмелерін төмен бақылау;

* Команда құру бойынша әлсіз жұмыс;

Басқа НЗМ көшбасшыларымен әлсіз қарым-қатынас.

Ұсыныстар:

* 1,5 жыл ішінде онлайн оқыту мен қарым-қатынасты шектеуге байланысты студенттер қауымдастығы белсенділігі төмендеді. Осыған байланысты оқушылардың коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларына көп көңіл бөлу керек. Оқушылар өздерінің әлеуметтік дағдыларын көрсете және дамыта алатын жағдайлар жасай отырып, басқалармен жиі сөйлесу қажет.

* Мектеп президентінің сайлауын 1 тоқсанға қалдырыңыз (тіркеуге бір ай беріңіз-бағдарлама және үгіт-насихат жұмысына бір ай жазыңыз)

* Алматы қаласындағы "Жас көшбасшылар қауымдастығы" ұйымының НЗМ - де көшбасшылық және коммуникативтік дағдыларды дамыту жөніндегі жұмысқа тарту, тәжірибе алмасу жөніндегі конференцияларға қатысу.

3.6. Мектептің аттестациялық комиссиясы

Аттестаттау педагогикалық қызметкерлердің қызметін дамыту мен сапасын арттырудың басты құралдарының бірі болып табылады және педагогикалық тәжірибе мен шеберлікті үнемі жетілдіруге ықпал етеді.

2021-2022 оқу жылы ішінде 18.08.21 ж. ДББҰ Басқарма отырысында бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарында педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау қағидаларына (№42 хаттама) және ДББҰ Басқарма Төрағасының 09.12.21 ж. №381/НҚ «2021-2022 оқу жылында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің және Астана қ. халықаралық мектебінің педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларын аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу туралы» бұйрығына сәйкес Орал қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау ұйымдастырылды және өткізілді.

Мектеп әкімшілігі, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бойынша тренерлер, ӘБ басшылары және мектептің тәжірибелі педагогтары аттестаттау өткізу бойынша келесі жұмыстарды жүргізді:

1. КДМ тұжырымдау және түзету (қажеттілігіне қарай);
2. аттестатталушы адамдардың сабақтарына қатысу және кері байланыс беру;
3. рефлексивті есеп жазу бойынша аттестатталушы адамдардың вебинарлары мен жеке консультациялары;
4. Педагогикалық шеберлік деңгейіне сәйкес рефлексивті есептерді жазу ерекшеліктері бойынша оқыту тренингтері;
5. сабақты/сабақты бақылау парақтары мен мектептегі бағалау парақтарын толтыру бойынша консультациялар;
6. мектептің әдістемелік кеңесінің, педагогикалық кеңесінің және аттестаттау комиссиясының отырыстарында аттестатталушы адамдардың қызметін талқылау;
7. презентацияға қойылатын талаптарды топтық және жеке талқылау және кері байланысты ұсына отырып, презентацияларды алдын ала қорғау;
8. TEAMS-те аттестатталушы адамдардың электрондық портфолиосын жүктеуді қолдау.

«Мұғалім-модератор» - «мұғалім-сарапшы» педагогикалық шеберлік деңгейіне үміткер қызметкерлерді аттестаттау үш кезеңде өткізілді:

1. мектепшілік бағалау – 24.01.2022-11.03.2022;
 2. тәуелсіз бағалау – 06.05.2021-10.06.2022;
 3. аттестатталушылардың таныстырылымы және шешім шығару – 15.06.2022.
- «Базалық деңгей» және «Базалық деңгей» педагогикалық шеберлік деңгейлеріне үміткер қызметкерлерді аттестаттау екі кезеңде жүргізілді:

1. мектепшілік бағалау – 24.01.2022-11.03.2022;
2. аттестатталушылардың таныстырылымы және шешім шығару – 10.06.2022.

Аттестаттаудың басына педагог қызметкерлерден және оларға теңестірілген тұлғалардан аттестаттауға қатысу туралы барлығы 25 өтініш түсті, оның ішінде:

Өтініш берген деңгей	Өтініш бергендердің саны
«Мұғалім-сарапшы»	5

«Мұғалім-модератор»	3
Барлығы: 8 (мерзімінен бұрын - 1)	
«Бірінші деңгей»	15
«Базалық деңгей»	2
Барлығы: 17 (мерзімінен бұрын - 0)	

Қызметкерлерді аттестаттауға өтінім берген 6 мұғалім мен 5 педагог педагогикалық шеберлік деңгейін арттыруды жоспарлады.

Аттестаттаудың бірінші кезеңі – мектепті бағалау кезеңі шеңберінде-мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестіктердің басшылары, ППП жаттықтырушылары мен педагогтар аттестатталатын қызметкерлердің сабақтарын/сабақтарын бақылауды жүзеге асырды, олардың ілгерілеуін бағалады, бақылау нәтижелері бойынша кері байланыс ұсынды және одан әрі даму жақтарын анықтады. Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша Мектептің әдістемелік кеңесі мен аттестаттау комиссиясы әрбір педагог бойынша шешім қабылдады және ДББҰ жұмыс тобына ұсыныстар берді.

I кезеңнің қорытындысы:

	«Мұғалім» - «Мұғалім-модератор» «Мұғалім-сарапшы»	«Бірінші деңгей»
Өтінім берген деңгейге ұсынылды	7 (87 %)	17 (100%)
Өтінім берген деңгейге ұсынылмады	1	0

Бағалаудың екінші кезеңі – сабақ бойынша рефлексивті есеп жазу кезеңі аясында әр аттестатталушыға кәсіби дамуды қолдау бойынша жаттықтырушы бекітілді, ол кеңес беріп, формативті бағалау жүргізді. 8 рефлексивті есеп ПӨО порталына мерзімінде жүктелді. Осылайша, педагогикалық қызметкерлердің рефлексивті есептерін тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша сандық мәліметтер келесідей:

	барлығы	Соның ішінде:	
		мұғалім-модератор	учитель-эксперт
Ұсынылған (өтініш берілген деңгейге сәйкес балл жинады)	6 (75%)	1	5
Ұсынылмайды (өтініш берілген деңгейге сәйкес ұпай жинаған жоқ)	1 (12,5%)	1	0
Сабақ бойынша рефлексиялық есептер	1 (12,5%)	1	0

РЕ тексеру нәтижелері бойынша барлық педагог қызметкерлер практиканы одан әрі дамыту үшін ұсыныстар алды.

ДББҰ Басқарма төрағасы орынбасарының 2022 жылғы 16 мамырдағы №146/ОД бұйрығымен аттестаттаудың соңғы кезеңі және «мұғалім-модератор» - «мұғалім-сарапшы» Педагогикалық шеберлік деңгейлеріне үміткер қызметкерлер бойынша шешім қабылдау teams платформасында қашықтықтан форматта өтті. Аттестаттау қорытындысы бойынша аттестатталған қызметкерлердің саны келесідей:

	Бар-лығы	соның ішінде:			барлығы	соның ішінде:		
		Мұғалім	модератор	Эксперт		Мұғалім	модератор	Эксперт
Өтініш берген педагогикалық шеберлікке сай	7 (88%)		2	5	13 (76%)	1		12
Қайта аттестаттауға жатады					2 (12%)			2
Өтініш берген педагогикалық шеберлікке сай емес	1 (12%)	1			2 (12%)	2		
	8				17			

2021-2022 оқу жылында педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудың оң аспектілері:

1. Рефлексиялық есептердің 87% -ы бірегей және еш жерден көшірілмеген, бұл мектептің педагогикалық қауымдастығында академиялық адалдық мәдениетінің дамуын көрсетеді;
2. Рефлексиялық есептердің 75%-ы тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша өтті деп ұсынылды, бұл педагогтердің рефлексивті және зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал еткен «педагогтың зерттеу мәдениеті» жобасының сәттілігін көрсетеді;
3. Аттестаттаудың соңғы кезеңін өткізудің қашықтық форматына байланысты педагогтар цифрлық портфолио құра алды, оны кейіннен пайдаланылатын болады, сол арқылы АКТ-дағдыларын дамытады;
4. Оқу жылы бойы аттестатталушыларға кәсіби дамуды қолдау бойынша 7 сертификатталған жаттықтырушы тиімді қолдау көрсетті;
5. Жекелеген мұғалімдер презентацияны таныстыру мен слайд құрауда ақпаратты құрылымды етіп құрап, жоғары дәреже көрсетті, бұл өз қызметін сапалы бағалау қабілеті мен сыни ойлаудың дамығанын білдіреді;
6. Мұғалімдердің 88 % - ы ұсынған педагогикалық шеберлік деңгейін растады, бұл мектептің педагогикалық әлеуетінің өскенін көрсетеді.



2021-2022 оқу жылында педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау қорытындылары бойынша жақсартуды талап ететін тұстар:


1. Педагогтердің кәсіби даму мақсаттарын дұрыс тұжырымдау бойынша өз тәжірибелерін талдау негізінде жұмыс жүргізу;
2. Педагогтердің рефлексивті дағдыларын дамыту бойынша жұмысты жалғастыру;
3. Педагогикалық шеберлік деңгейлері бойынша біліктілік талаптарын негізге ала отырып өз тәжірибесін талдау;
4. Мұғалімдердің пән бойынша көбірек ресурстарға қол жеткізуі үшін ағылшын тілі дағдыларын дамыту;
5. Аттестатталушылардың презентациясының құрылымдылығын және стилін жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыру;
6. Мұғалімдердің әдіснамалық білімін кеңейту және кәсіби терминологияны қолдануды түзету;
7. Өз тәжірибеңізді сапалы талдау және педагогикалық шеберлікті арттыру үшін сертификаттаралық кезеңді сақтау.

4. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

4.1. Сапалық құрамы


2022 жылғы 1 маусымындағы есеп бойынша 2021-2022 оқу жылы бойынша 175 қазақстандық мұғалімдер мен оларға теңестірілген тұлғалар, 4 шетелдік мұғалім жұмыс жасады. 16 мұғалім және оларға теңестірілген тұлғалар бала күтіміне байланысты демалыста.

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы



Мұғалімдердің жасы. Мұғалімдердің сапалық құрамын саралай келе, анықталғаны - басым бөлігі 30-50 жас аралығында. Бұл мүмкіндік мұғалімдердің кәсіби өсуі мен шығармашылық ізденісін, сонымен қатар жалпы мектептің дамуын қамтамасыз етеді. 51 жастан асқан педагогтардың үлесі 18% құрайды және ұжымда өз тәжірибесін болашағы зор жас мұғалімдерге беруге дайын педагогтардың тәжірибелі буынының болуы мектептің дамуына септігін тигізеді.


Педагог кадрлар құрамының жасы



Мұғалімдердің гендерлік құрамы. 2021-2022 оқу жылында Орал қаласындағы ФМБ НЗМ мұғалімдерінің ішінде 39 ер мұғалім (22%), 136 (78%) әйел мұғалім жұмыс істеді. Ер мұғалімдер санының артуы оқу-тәрбие үдерісіне оң әсерін тигізуде.

Жұмыс тәжірибесі бойынша. Төмендегі деректер мұғалімдер құрамның тең екендігін және аралас контингенттік саясаттың нәтижесін көрсетеді:

Педагог кадрлардың жұмыс өтілі



Академиялық және ғылыми дәрежесі бойынша. Бүгінгі таңда 42 (23%) мұғалімнің магистрлік дәрежесі бар, демек, мектептегі әрбір бесінші мұғалім магистр. Сонымен қатар, 1 мұғалімнің PhD дәрежесі бар. Зияткерлік мектепте «Болашақ» бағдарламасының түлектерінен 3 мұғалім, сондай-ақ Назарбаев Университетінің магистранттарынан 10 мұғалім жұмыс істейді. Назарбаев Университетінде магистратурада 5 оқытушы білім алуда.

Шетелдік мұғалімдердің қызметін пайдалану.

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша Зияткерлік мектепте 3 шетелдік мұғалім жұмыс істейді, бұл мұғалімдердің жалпы санының 2%-ын құрайды. Химия, физика және информатика пәндерінің оқытушысы. Контингент 3 елден жасақталған: Египет, Филиппин және Түркия. Шетелдік мұғалімдер арасында TESOL және TOEFL халықаралық сертификаттарының иегері мен магистрлер бар.



Шетелдік оқытушылар қазақстандық әріптестеріне пәндерді ағылшын тілінде оқытуда, сабақтарға қажетті халықаралық ресурстарды таңдауда, жобалық жұмыстар мен эсселер бойынша халықаралық конкурстарға қатысуда, бірлескен зерттеулер жүргізуде, үштілділік ортасын жеңілдетуде және таңдау курстарын өткізуде, халықаралық SAT және IELTS емтихандарына оқушыларды дайындауда қолдау көрсетеді.

4.2. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру

Мектепшілік курстар

2021-2022 оқу жылында педагогикалық кадрлардың және оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілігін арттыру мүмкіндіктерін қарастыру мақсатында біліктілікті арттыру курстарының икемді кестесі жасалды. Тренер ретінде дайындалған мұғалімдердің әлеуеті пайдаланылды.

#	Курс атауы	Тренерлер	Қатысушы саны
1	Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті	Кудабаева Г.А. Иргалиев С.С	8
2	Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті	Максұтова Ж.А. Аймуханов Н.М.	9
3	Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті	Тажигалиева З.Т. Ихсанова А.А.	8
4	Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті	Хасанова И.О. Ашимова Д.Т.	8
5	Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті	Брекеева С.З.	4
6	Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті	Опря О.В. Зеленов Б.А.	11
7	Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті	Унгаралиева Э.С. Киматова Г.Т.	8
8	Орыс тілі шетел мұғалімдері үшін	Халелова А.Е.	3
9	Функционалдық сауаттылық	Амангалиева С.А.	3
10	Рефлексиялық AR есебін жазу Концептілер арқылы оқу	Иргалиев С.С.	5
11	Оқыту үдерісіне саралау тапсырмаларын жоспарлау	Бегжанова М.Б.	3
12	ППРП бойынша тренерлік	Хайруллина Ш.М.	2
13	ППРП бойынша тренерлік	Сергалиева А.Е.	2

Мұғалімдердің ҚАЗТЕСТ емтиханына дайындығы

Мектептің қазақ тілі бойынша педагог қызметкерлерінің тілдік дағдыларын дамыту үшін 2021 жылғы 6 қыркүйектен бастап 2022 жылғы 20 мамырға дейін «Базалық», «Орта», «Ортадан жоғары» және «Жоғары» деңгейлері бойынша ҚАЗТЕСТ тапсыруға дайындық бойынша 41 педагог қызметкерге апта сайынғы сабақтар өткізілді.

Сабақтар белгіленген, икемделген кесте бойынша ұйымдастырылды, өйткені тыңдаушылар үнемі курсқа қатыса алмады. Тренерлер өзін-өзі даярлау үшін электрондық нұсқаларда (Тіл құрал А2, В1, В2 және С1 аудио материалдармен) жеке консультациялар және қажетті ресурстарды таратуды жүргізді. 2022 жылы Қазтест

жүйесі бойынша тест тапсырмаларының саны қысқарды. Тестілеу форматына сөйлеу әрекетінің өнімді түрі- айтылым қосылды.

Курс мерзімі	Тренерлер	Қатысушылар саны	Формасы
Виртуалды мектептің нәтижесінде 2022 жылдың мамыр айында 5-сыныптың 13 оқушысы (6-у орыс тілінде, 7-еуі қазақ тілінде) каникул мектебіне іріктеуден өтті. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның 2022 жылғы 17 мамырдағы № 149/НҚ бұйрығына сәйкес Каникул мектебін 2022 жылғы 6-11 маусым аралығында өткізу туралы шешім қабылданды.



Оқушылар 2 топқа бөлінді. Сабақтарды қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика пәндерінің мұғалімдері жүргізді. Жаратылыстану сабақтары география, химия, биология және физика мұғалімдеріне бөлінді. Виртуальді және каникулярлық мектебіндегі сабақтарды мектептің 16 мұғалім жүргізді.

	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
Виртуалды мектеп	282	185	124	59
Каникулярлық мектеп	118	102	99	46

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Оқушыларды Виртуалды мектепке тарту жұмысын күшейту (мектеп сайтындағы ақпаратты көбейту, әлеуметтік желілерде ақпарат тарату).

6. МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТІК

6.1. Тәрбие жұмысы

Мектептің тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері «Қазақстан-2050» Стратегиясына, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтарына, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының идеяларына негізделген.

Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәрбие жүйесі 7 негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- Патриоттық тәрбие;
- Зияткерлік тәрбие;
- Рухани-адамгершілік тәрбие;
- Көпмәдениетті тәрбие және көркемдік-эстетикалық даму;
- Физикалық және психологиялық бағыт;
- Көшбасшылық қасиеттерді дамыту;
- Отбасылық тәрбие.

Осы оқу жылында **патриоттық бағытта** іс-шаралар акция шеңберінде өтті, бұл оқушыларды, ата-аналарды және педагогикалық ұжым мүшелерін 100% қамтуға ықпал етті. "Ұрпақтар сабақтастығы" жобасын іске асыру - осы жылдың ең үздік және жарқын оқиғаларының бірі болып табылады:

➤ **"Асыл ұстазға ақ тілек"** акциясында оқушылар мұғалімдер күнін мерекелеуге орай педагогтерге өз тілектерін жолдады;

➤ **"Ақжайықтың ұлағатты ұстаздары"** танымдық жобасы облыстың физика-математика бағытындағы мұғалімдердің еңбек жолын зерттеуге бағытталған. Орал қаласы физика-математика бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебінде ұстаздар тұлғасын насихаттау мақсатындағы «Ару Ақжайықтың ұлағатты ұстаздары» жобасы биыл да жалғасын тапты. [https://www.facebook.com/NisOralKZ/posts/2777281735896965?_cft__\[0\]=AZW7iQzsBORatCj3bvHNW2Ebc1kHboboISQmLOz4Vn2jj63qFoWY71RBWKjTLU5RinNgzI30NVh9iRuanHFxz2IzY5kB0qF26z-kmVoJtzS3EYeSxAD45haFuqzUR0DPgJ99iqq40mAE-947jBxES8RLVbr8Dc5v1CqgSpzzrbeVctkSRLVCQJDRr-QfA04y4s&_tn=%2C0%2CP-R](https://www.facebook.com/NisOralKZ/posts/2777281735896965?_cft__[0]=AZW7iQzsBORatCj3bvHNW2Ebc1kHboboISQmLOz4Vn2jj63qFoWY71RBWKjTLU5RinNgzI30NVh9iRuanHFxz2IzY5kB0qF26z-kmVoJtzS3EYeSxAD45haFuqzUR0DPgJ99iqq40mAE-947jBxES8RLVbr8Dc5v1CqgSpzzrbeVctkSRLVCQJDRr-QfA04y4s&_tn=%2C0%2CP-R)

➤ **«Тұғырлы 30 жыл – 30 таным».** Орал қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «ТҰҒЫРЛЫ 30 ЖЫЛ – 30 ТАНЫМ» жобасын бастады. Бір ай бойы «Білім және ғылым», «Тәрбие және тағылым», «Мәдениет және спорт» онкүндіктері аясында түрлі мазмұнды шаралар жоспарланды. Оқушылар қазақ жеріндегі танымал математиктер мен химиктерді біліп, ғалымдар мен ғарышкерлермен онлайн кездесті. Фотоэкспозиция, брэйн-ринг ойындары, қайырымдылық және кітап акциялары, домбырашылар флешмобы, халық шығармашылығы өнері мен мәнерлеп оқу бойынша шеберлік сағаттары, бойжеткендер мен жас аналар клубының ашылуы, велосаяхат, спартакиадалар, медиафорум, ұлттық киімдер шеруі және тағы басқа мазмұнды шаралар жүзеге асты.

[https://www.facebook.com/NisOralKZ/posts/2802129193412219?_cft__\[0\]=AZUQ1tBy53aDw0RqpSFDTFJ2VSLDU0sdhEQapszgf3Rfhq2W2pVv1VmYcdy2I VLmQFVgnSH3D7kPFPILJTyCCrILyQiSIVsIOAdZYjNhWjoQN-4RJmdbTtyWHiXMn8PetTmENRWLiRplGi KJgrHd1bKHw1qCrSIKnsjxgCynfDWf3vqSJGcKpiv86XR8fSvA&_tn=%20CO%20CP-R](https://www.facebook.com/NisOralKZ/posts/2802129193412219?_cft__[0]=AZUQ1tBy53aDw0RqpSFDTFJ2VSLDU0sdhEQapszgf3Rfhq2W2pVv1VmYcdy2I VLmQFVgnSH3D7kPFPILJTyCCrILyQiSIVsIOAdZYjNhWjoQN-4RJmdbTtyWHiXMn8PetTmENRWLiRplGi KJgrHd1bKHw1qCrSIKnsjxgCynfDWf3vqSJGcKpiv86XR8fSvA&_tn=%20CO%20CP-R)

➤ Жеңіс күніне арналған «Кестелі орамал» акциясын өткізу дәстүрге айналды. Тарихи жадыны сақтау, жас ұрпақта ата-бабаларына деген құрмет сезімін тәрбиелеу, отбасылық дәстүрлерді сақтау мақсатында Ұлы Жеңістің 77 жылдығына арналған дәстүрлі «Кестелі орамал» акциясы өтті. Оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер өз отбасыларының батырларының есімдерін орамалдарға кестелеп, ержүрек майдангер туыстары туралы видео арқылы айтып берді. Әр жанұя отбасылық архивтегі ескі фотосуреттерді, газет қиындыларын, ордендер мен медальдарды мұқият сақтайды және ұрпақтан-ұрпаққа жалғауға тырысады. <https://youtu.be/uXEDkAVelWw>

➤ Қаһарман қызы қазақтың. Бүгін «Отан үшін от кешкен батырдың біз ұрпағымыз» мерекелік жобасы аясында мектебіміздің оқушылары ҚР Мәдениет қайраткері, өлкетанушы Светлана Бектенова, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, өлкетанушы Бақтылы Боранбаевамен кездесті. Меймандар ерлігімен аңыз, даңқымен дара, өшпес ғұмырдың иесі атанған Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың жауынгерлік ғұмырбаяны, балалық шағына қатысты тың деректер, қаһарман қыздың болмысы, ол туралы естеліктер, музей-үйде сақталған жәдігерлер бойынша тыңдаушылардың сауалдарына жауап берді. Әсіресе, оқушылар үшін Невель қаласы үшін болған шайқаста 70 неміс солдатын жойып, өзі қаза болған Мәншүктің ерлік болмысы, тұлғалық қасиеті қызықтырды. Шығыс қыздарының арасынан бірінші болып Батыр атағын алған әйгілі пулеметші бүгінде қазақ халқының ғана емес, бүкіл Азия жұртының мақтанышы. Даңқты пулеметші, қазақтың батыр қызының есімі халық жүрегінде мәңгілік қала бермек.

➤ «Ақжайықтың ардақты аналары». «Ақжайықтың ардақты аналары» жобасы – ұрпақтар сабақтастығы аясында аналар тұлғасын зияткер оқушыларға үлгі ету, олардың бойында үлкенге құрмет, қоғамға қызмет ету секілді құндылықтарды қалыптастыру мақсатындағы бірегей жобасы. Биылғы көктемнің басты кейіпкерлері – еліміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген белгілі жерлестерімізде дүниеге әкелген ардақты аналар. <https://youtu.be/KxQe2KFWamU>

➤ **15 жаңа жоба: Туған елге тағзым – 2021.** Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 2021 жылғы «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясы аясында шығармашылық жұмыстар мен жобалардың желілік байқауы өткізілді. Биыл екінші рет қашықтан өткен дәстүрлі экспедицияда оралдық 26 оқушы 15 зерттеуін таныстырды. Төрт күн бойы мектепшілік кезеңнен іріктеліп шыққан жұмыстар – «Туған өлкем – жұмақ мекен», «Ұлт руханияты – бабалар аманаты», «Ұлы Дала өркениеті – тарихи мұра», «Өндірістік инновация кепілі – зияткерлік әлеует», «Жасыл планета», «Әлеуметтік кәсіпкерлік және жаңа идеялардың күші», «Біздің күшіміз бірлікте!», «Селт еткізер, ерен ой», «Туған жер – тұғырым» номинациялары бойынша тоғыз бағытта жұмыстарын қорғады.

Патриоттық тәрбиемен қатар осы оқу жылында **рухани-адамгершілік және көркемдік-эстетикалық** бағыттағы көптеген іс-шаралар өткізілді. Оларға мынадай танымдық жобаларды жатқызуға болады:

➤ **«Азамат» әкелер мен ұлдар клубы.** «Ата-аналар университеті» үлкен жобасы аясында мектептің ер мұғалімдері, оқушылар және олардың әкелерінің клубы ашылды. Клубтың алғашқы құрметті қонақтары – Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов, ардагер ұстаз Өтебай Құспановқа жас зияткерлер ғылым жолының ерекшеліктері мен келешегі, азаматтық борышты өтеу құндылығын насихаттау, жаңа заман ұлының меңгеруі қажет өнер түрлері және бата беру дәстүрін жандандыру сияқты өзекті мәселерге қатысты сауалдарын жолдады. Клуб жұмысы аясында алдағы уақытта жасөспірімдер үшін ұстаздар мен әкелер, түрлі саланың сарапшы мамандарының ұйымдастыруымен жол ережелері, электр және автокөлік құрылғылары, туризм, көркем еңбек, спорт, көшбасшылық пен бизнес және риторика салалары бойынша кешенді дамыту шаралары әзірленбек. Шара барысында ұлдар қазақ күресі, әскери тәсілдер, би өнері мен домбыра бойынша өнерлерін ортаға салып, өз идеялары мен жобаларын таныстырды.

➤ **«Күншуақ» жас аналар мен қыздар мектебі.** Мектеп оқушыларының жас аналары мен жоғары сынып оқушыларының «Күншуақ» мектебі ашылды. Мектептің алғашқы құрметті қонағы ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Ақұштап Бақтыгереева болды. Оның шығармашылығындағы басты тақырыптар әрқашан ананы құрметтеу, мейірімділік пен махаббат, отбасы мен дәстүр мәселелері. Қазіргі жағдайда мектеп пен ата-ананың ынтымақтастығы балаларды қолдау мен дамытуда ерекше маңызды. Мектеп қабырғасында осындай ынтымақтастық негізінде «Тәрбие әлемі» кітапқұмарлардың онлайн қоғамдастығы құрылды, ата-аналар «Тату отбасында» балалар мен ата-аналарға арналған бағдарламаға қатысуға мүмкіндік алды. Жаңа «Күншуақ» мектебі де осы жүйелі жобалардың жалғасы.

➤ Мектепте түрлі форматта **«Қазақтың 100 әні», «100 күйдің тарихы»** жобалары жүзеге асырылуда. Осы желілік жобаларды жүзеге асыру **"Бір әннің тарихы"** және **"Бір күйдің тарихы"** тақырыптары арқылы өтті. Әр шаңырақтың оқушылары арасынан ән мен күйдің тарихын зерттеп, сюжет жасап, бейне түсіріп, мектептің әлеуметтік желісінде, сыныпқа таныстырған шағын жұмыс топтары құрылды.

➤ **«Ақ раушан күні» акциясы** ең әсерлі іс-шара болды. Бұл жыл сайынғы акция Алғыс айту күні қарсаңында өткізіледі. Оқушылар мектептің кіші техникалық қызметкерлеріне алғыс білдіреді және құрмет көрсетеді, гүл сыйлайды, вальске шақырады, мектеп блоктарында жалпы тазалау жұмыстарын жүргізеді.

➤ Орал қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қабырғасында қоршаған ортаны қорғау мақсатында тағы бір «Qadam» еріктілер жасағы құрылды. Клуб мүшелері уақыттарын қызықты әрі пайдалы өткізіп, екі жерде қоқыс шығаруды ұйымдастырып, сол арқылы қаламыздың экологиясының дамуына өз үлестерін қосты. Сондай-ақ жақында «Сарыарқа» шаңырағының волонтерлері өздерінің достары – «Мейірім» облыстық мамандандырылған сәбилер үйінің тәрбиеленушілеріне қонаққа барды. Ал мектеп базасында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Бәйтерек» қоғамдық қорындағы жас достар үшін шеберлік сабағы ұйымдастырылды.

➤ **Тұңғыш Президент күніне орай: домбырашылар флешмобы.** Назарбаев Зияткерлік мектептерінің “Ұлы дала мұрагерлері” флешмобында оралдық зияткерлердің “Дарын” ұлт-аспаптар оркестрі үн қосты.

➤ **Наурыз нақыштары.** Ұлыстың ұлы мерекесі Наурыз тойына орай 7-8 сынып оқушылары ата-аналарының арасында «Наурыз нақыштары» отбасылық байқауы өтті. Жанұялық Наурыз кешінің тізгінін Жоламановтар отбасы ұстады. Күні бойы қоңырау уақыттарында ата-аналардың бастамасымен наурыз дәмдері ұсынылған қайырымдылық жәрмеңкесіне барлық мектеп қауымдастығы ат салысты. Арқан тартыс, қол күресі, өгіз тартыс, соқыр теке, алтын сақина сияқты ұлттық ойындар да бұл күннің көрігін келтірді. Қатысушылар ұлттық дәстүр, ауыз әдебиеті, фольклор бойынша білімдерін сынға салып, берілген салт-дәстүрлерді сахналады. Сонымен қатар айтыс өнерінің үлгісін көрсетіп, мерекелік дастархан мәзірін таныстырды. Сайыс қорытындысы бойынша 25 ұпаймен алға шыққан 8-сынып командасы «Зерде», 24 ұпайды еншілеген 7-сынып командасы «Шабыт аталымдарымен марапатталды.

➤ **Замандастар жырлары: Жарқын жүздесу.** Мектеп оқушылары суреткер ақын, жазушы, журналистер - Ғайсағали Сейтақ және Мұнайдар Балмолдамен кездесті. «Кейіпкерге 100 сұрақ» форматында өткен жарқын жүздесуде оқушылар меймандардың бал бала шақтағы арманы, адам бойындағы ізгі қасиеттер мен жан тазалығы, әкелік ұстанымдары, ақынның миссиясы, шалқар шабыт кезеңдері, қазақ тарихындағы бес ең абыройлы белес және тағы басқа тақырыптарға байланысты ой-толғамдарын тыңдады. Шарада жас зияткерлер Ғайсағали Самифоллаұлының «Қазаққа жұмақ та сын, жұт та сын», «Көтереді көкке тіл мені», «Қасиет қонған қара жер», Мұнайдар Мұхамбетжанұлының «Ақ жағалы ағалар», «Тұлпарлар» «Бабалар аманаты» өлеңдерін оқыды.

Оқушылардың зияткерлік дамуына да баса назар аударылды

➤ **"Readx"** жобасы. Оқушылар өздері оқыған шығармаларымен басқа НЗМ оқушыларымен бөлісті;

➤ **«Ұлы дала ақындары» жобасы: әңгіме өнерінің хас шебері Бейімбет Майлин шығармалары READx алаңында.** Оқырмандардың өз ой толғаулары мен жиып-тергендерін ортаға салатын READx алаңының бұл жолғы кездесуі қазақтың көрнекті жазушысы Бейімбет Майлиннің шығармаларына арналды. Отызға тарта кітапқұмар оқушы достарына «Шұғаның белгісі», «Раушан коммунист», «Құла ат», «Кеңес ағасы Кәмила», «Айранбай» және тағы басқа 30-ға тарта көркем туындысын ұсынды. Шара оқушылардың жазушы шығармаларындағы қазақ халқының тарихын бейнелейтін шығармаларына арналған сурет көрмесімен өрнектелді. Спикерлер Бейімбет шығармаларында қазақ қоғамының тұрмысын, ондағы орын алған мәселелерді, өмірдің көркем шындығын шебер суреттегенін атап өтті.

➤ **«Ежелден бүгінге дейін: әлемді өзгерткен оқиғалар».** Мектептің TEDx клубы ұйымдастырған облыстық конференция мектептер арасындағы ынтымақтастықты нығайтып қана қоймай, Орал қаласындағы TEDx желісінің кеңеюіне негіз болды. Қатысушылар «Ежелден бүгінге дейін: әлемді өзгерткен оқиғалар» тақырыбында әртүрлі ауқымды тарихи жағдайларды қарастырып, пікір алмасты. TEDx алаңына қаламыздағы №11 дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, Білім-

Инновация лицейі, IT-лицей, Эстетикалық бағыттағы мектеп гимназия және Сырым ауданының мектебі оқушылары баяндама жасады.

➤ 7-8 сынып оқушылары арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін PISA халықаралық зерттеуіне дайындық ұйымдастырылды. Оқушылар жыл бойы математика, физика, информатика, биология, химия пәндерінен мәтіндердің мазмұнын оқып, талқылады.

Ұзақ мерзімді жобалар:

➤ 7-сынып оқушыларына арналған "Эврика" ғылыми-зерттеу жобаларының конкурсы оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға, зияткерлік-шығармашылық әлеуетті дамытуға және отбасылық құндылықтарды танымал етуге бағытталған. Бұл конкурсты ұйымдастыру келесі оқу жылында да жоспарланып отыр;

➤ «100 кітап» жобасы аясында «Тәрбие әлемі» кітапқұмарлар онлайн қауымдастығының жұмысы енгізілді. Бір сыныпқа бір кітап таңдалды, ол бірнеше кезеңде оқылды. Кезеңдер сұрақтар мен жауаптарды, оқылған мазмұнды талқылауды, кітап бойынша тапсырмаларды орындауды қамтыды. Содан кейін ата-аналар мен балалар оқыған көркем шығармалар туралы пікірлерімен бөлісті. Оқушылар кітаптардың мазмұны бойынша трейлер түсірді, презентациялар жасады, "Readx" жобасының форматында сөз сөйледі.

Басқару, тиімді қарым-қатынас жасау, ұйымдастырушылық дағдыларды қалыптастыру үшін мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару және "Шаңырақ" қоғамдастығының жұмысы ұйымдастырылған.

➤ Биыл 16 шаңырақ жұмыс істеді. Шанырақтар арасында фестивальдар, акциялар, байқаулар ұйымдастырылды.

➤ Қыркүйек айында шаңырақтарда сайлау өтіп, онда ұсынылған кандидаттар арасынан 1 шаңырақ басшысы сайланады. Шаңырақ жиналысы әр айдың төртінші аптасында 1 рет өтеді. Әр шаңырақ оқу жылында бір мемлекеттік мерекеге жауапты.

➤ Жоспардан тыс «Ақжайықтың ардақты аналары» танымдық жобасы, «Ақжайық» шаңырағының ұйымдастыруымен «Мейірімділік сөмкесі» акциясы, «Алаш» шаңырағы БҚО экологиялық-географиялық қоғамдастығымен бірлесіп табиғатты қорғау акциясын өткізді, шаңырақтар арасындағы «Наурыз нақыштары» отбасылық мерекесі, шаңырақ оқушыларының бастамасымен ұйымдастырылған спорттық турнирлер (футбол, волейбол, баскетбол), пән мұғалімдерімен бірге шаңырақтар арасында сенбілік өткізілді.

➤ «Тұлпар» және «Орда» шаңырақтары ата-аналарымен бірлесе отырып, «Ауылдағы 2 апта», «Ата-ана кәсіпорнында» атты топтық практиканы ұйымдастырды. Мамыр айында республикалық деңгейдегі жобаларға «Ақжайық», «Орда» шаңырақтары қатысты. «Ақжайық» шаңырағы «American Corner Nur -Sultan" және Нұр-Сұлтан қаласындағы «Zhas & Healthy» командасы ұйымдастырған республикалық "Healthy" онлайн марафонына қатысты.

➤ «Орда» шаңырағы Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Enactus» республикалық мектеп кәсіпкерлік байқауының финалына қатысып, демеушілер тарапынан 3-орын, мектеп жасындағы командалар арасында 4-орын иеленді. Жобаны жүзеге асыру үшін ұтыс 800 мың теңгені құрады.

Көпмәдениетті тұлғаны дамыту мақсатында «Даналық бейсенбісі» жобасы аясында маңызды шаралар ұйымдастырылды:

➤ **Екатерина Ларионованың даналық бейсенбісі.** Рио-де-Жанейрода өткен Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, еркін күрес шебері Екатерина Ларионова Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне келді. Дәстүр бойынша «Даналық бейсенбісі» жобасының тікелей эфиріне еліміздің барлық Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушылары қосылды. Жүлдегер жас жанкүйерлері қойған сұрақтарға жауап берді, сондай-ақ ата-анасының өміріндегі рөлі мен қолдауы, алдағы жоспарлары туралы ерекше тебіреніспен әңгімеледі. Оқушылар чемпионмен «Дартс», «Спорт және спортшы» ойындарын ойнауға мүмкіндік алды.

➤ **Даналық бейсенбісі: Сүбелі сырлар сандығы.** Қазақтың біргеі тұлғаларының өмірі мен өнердегі рөлдерін зерттеп, талай сырын бүгінгі оқырманға таныстырып жүрген әдебиеттанушы ғалым, эссеист Мақсат Тәж-Мұратпен сұхбат зияткен оқушыларға ерекше шабыт сыйлады. Келер жылы туғанына 100 жыл толатын Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың ерлік жолы туралы «Анатомия героизма. Неизвестная война Маншук» тарихи биографиялық эссесі, «Батыс Алашорда: библиографиялық сөздік тәжірибесі», «Шәңгерей: жасампаздық өмірі» таңдамалы туындылары туралы баяндады. Аталған тақырыптарда ізденіп жүрген оқушылар автордан құнды ұсыныстар алды.

Дене шынықтыруды дамыту бағытында мынадай шаралар өткізілді:

➤ **Сау болу – сәнді.** Денсаулық күніне арналған дәстүрлі шарада мектеп оқушыларынан жасақталған команда қатысушылары «Қызықты волейбол» «Дарабоз» «Дайын бол» «Potato sack race» «Sport time» «Интеллектуалды дартс» станциялары бойынша сынға түсті. Шара соңында жарыстың негізгі бөлімдері мен аталымдар бойынша үздіктер марапатталды.

➤ **Отан қорғаушылар күні: «NIS SCHOOL CUP»** «Ата-аналар университеті» ірі жобасы аясында дәстүрлі «NIS SCHOOL CUP» турнирі ұйымдастырылды. Футбол алаңында оқушылар, әкелер, ұстаздар, «Ақжайық» футбол және серіктес «Бәйтерек» футзал командасының ойыншыларынан құралған командалар бас жүлдеге таласты. Ойын нәтижесінде «Сұңқар» командасы қарсыластарынан оза шауып, бас жүлдені қанжығалады. Екінші орынға «Барыс» командасы лайық деп танылса, үздік үштікті «Бәйтерек» командасы түйіндеді. «Үздік ойыншы» аталымымен мектеп оқушысы Ерұлан Тауфиқ, «Үздік қорғаушы» ата-ана Бақытжан Сапарғалиев, «Үздік шабуылшы» «Ақжайық» футбол командасының мүшесі Батыр Мұқашев, «Үздік ойыншы» болып Завен Бадоян аталды.

➤ **Жұлдызды жүздесу.** Жазғы мектептің спорттық сипат алған бейсенбідегі тәрбие шаралары нағыз жұлдыздармен кездесуге айналды. Команда капитаны Сергей Шустиков бастаған «Ақжайық» футбол клубының жұлдыздары – Степан Сикач, Руслан Хаиров, Милош Стаменкович, Рафаэль Сабиньо душ Сантуш мектеп оқушыларымен жүздесуге арнайы келді. Шаралар легі әрі қарай серіктес «Бәйтерек» футзал командасы U14 ойыншылары мен мектеп оқушыларынан құралған командалар арасындағы жарыспен жалғасты. Ойын нәтижесінде «9 с» командасы қарсыластарынан оза шауып, бас жүлдені қанжығалады. Екінші орынға «9 d» командасы лайық деп танылса, үздік үштікті «9g» командасы түйіндеді. «Үздік ойыншы», «Үздік қорғаушы» аталымдарымен бәйтеректік Данияр Залмуканов, Ернарұлы Ернияз марапатталса, «Үздік

шабуылдаушы», «Үздік қақпашы» мектеп оқушылары Амир Жакыпов, Әбілсейіт Түмен аталды.

6.2. Қосымша білім беру

Мектептегі үйірме жұмыстары – сыныптан тыс жұмыстардың күре тамыры деп айтуға болады. Оқу жылының басында оқушылардың қызығушылықтарына қарай түрлі үйірмелер өз жұмысын бастаған болатын. Әр үйірме жетекшісінің жылдық жоспары, алдына қойған мақсаты бар. Үйірме жетекшісінің негізгі мақсаты – өз бетінше дами алатын жеке тұлғаның белсенділігін қалыптастыру, танымдық дағдыларын меңгерту. Барлық үйірмеге ортақ міндет:

- әр оқушының шығармашылық арнайы ерекшеліктерін ескеру;
- оқушының белгілі бір өнер түріне деген қызығушылығын арттыру;
- еңбекқорлыққа, эстетикалық тәрбие бағыттарын жүзеге асыру;
- оқушының жас ерекшелігін ескеру;
- техникалық білім мен біліктілікті қалыптастыру.

Тоғызқұмалақ ойыны оқушылардың ой-өрісін, сана сезімін дамытуға, тез арада дұрыс шешім жасай алуға, ұстамдылыққа, төзімділікке, терең логикалық ойлауға және математикалық амалдарды толық меңгеруге септігін тигізеді. Бұл өнердің басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Қараша айында НЗМ мектептері оқушыларының тоғызқұмалақ спартакиадасында 7-9 сынып оқушылары арасында Маметан Абылай 1 орын алып жеңімпаз атанды. Сонымен қатар Мажитова Инабат 5 орын алды. Жалпы есеппен мектеп құрамасы 1 орын алды.

Спорт бағытындағы үйірмелер- баскетбол, волейбол, футбол, теннис.

Баскетболдан қалалық жасөспірімдер жарысынан ұлдар командасы 1 орын, "NIS School CUP" оқушылар, әкелер, ұстаздар және серіктес "Бәйтерек" футзал командасының ойыншылары арасында футзалдан турнир, «Әкем, шешем және мен» отбасылық сайысы, мектеп қызметкерлері арасында сайыс. 7-8 сынып оқушылары арасында футболдан өткен аймақтық, желілік жарыстарда қыздар мен ұлдар командасы жүлделі I, II, III орындарды қанжығаларына байлады.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары үшін үстел теннисі үйірмесі бір қуаныш. Себебі үстел теннисі өте қызықты, жан жақты, әр жастағы оқушылар үшін қол жетерлік ойын. Қимыл қозғалыстың тездігі, шабуылдардың шапшаңдығымен, техникалық қиыстырулардың кенеттілігімен оқиғалардың әсерлілігімен өзіне қатты қызықтырады. Үйірме оқушылары қараша айында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткізілген қалалық турнирде Нұрсәлім Санида 1 орын, Байкат Батырхан II орын алды.

Сәндік – қолданбалы өнері бағыты бойынша - «Raibow art» үйірмесінің оқушылары Жолдасбаева Айша, Тлекқабыл Сабина, Хуан Аружан, Уалиахмет Аманжан «Art up» қалалық шығармашылық конкурста жүлделі орындарға ие болса, «Жас Әл - Фараби» онлайн жобасына қамшы өру өнері бойынша Салимжан Санжар қатысып, I орын алды. Одан бөлек жатақхана оқушылары Республикалық "Суреттер сөйлейді" атты жас суретшілер байқауынан Сайлау Арайлым, Кайырболатов Бейбарыс, Исатай Айым 1 орын алды. Шығармашылық – эстетикалық бағыттағы «Вокал» үйірмесі бойынша оқушылар түрлі конкурстарға қатысып, өз бақтарын сынап жүр. Көкшетау НЗМ ұйымдастырған Роза Бағлановнаның 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ

өнерінің бұлбұлы» атты желілік ән байқауында Ғабиден Назерке 1 орын алып, мектепті бір қуантты. Республикалық «Ыбырай оқулары» атты жас суретшілер байқауынан I орын Шаханова Назерке. 7 сынып оқушыларына арналған «Домбыра» үйірмесіне 120 оқушы қатысады. Бұл үйірменің негізгі мақсаты - зейінділікті дамытады, жауапкершілікке, мақсаттылыққа, патриоттық сезімге, ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелейді. Үйірмеге қатысатын оқушылар мектепшілік түрлі шараларға да өз үлестерін қосып жүр. Үйірме жұмысындағы нәтижеліліктің басты белгілері жетекшінің жеке басының білімділігі, шеберлігінде, өз жұмысына оқушыларды иландырып, қызықтыра білуінде. Әр баланың қызығушылығы мен ізденіс еңбегі жетістікке жетізеді. Үйірмеге қатысатын оқушыларымыз әлі талай жетістіктерге жетіп, шығармашылық шыңынан көрінеріне сенімдіміз.

7. МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЖАТАҚХАНА

Оқушылар контингенті

Мектеп жанындағы жатақхана 133 оқушыға арналған. 2021-2022 оқу жылында БҚО және еліміздің басқа өңірлерінің оқушылары үшін 120 орын берілді. Жыл ішінде қосымша 9 орын берілді және 26 оқушы заңды өкілдерінің өтініштері негізінде жатақханадан шығарылды.

Сынып бойынша оқушылардың сандық құрамы

(01.09.2021 ж.)

Барлығы	Ұлдар	Қыздар	Сыныптар					
			7	8	9	10	11	12
120	70	50	26	21	24	18	11	20

Оқушылар мен жатақхана қызметкерлерінің қауіпсіздігі

Жатақханадағы алғашқы күндерінен бастап оқушылармен ТЖ кезінде жүріс-тұрыс ережелерін сақтау бойынша нұсқама жүргізіледі: өрттің туындауы, локдаун, химиялық заттармен улану қаупі, террористік шабуылдар. Топ тәрбиешілері оқушыларды өрт-техникалық құралдармен таныстырып, оларды пайдалану ережелерін үйретеді. Жатақхана қызметкерлері қоғамдастықтың барлық мүшелерінің санитарлық және өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуына тәулік бойы бақылау жүргізеді. Оқу жылы кешкі және түнгі уақытта өрт шыққан жағдайдағы 2 оқу-жаттығу эвакуациясы өткізілді. Жатақхананың барлық оқушылары мен қызметкерлері тапсырмаларды орындап, жақсы эвакуация дағдыларын көрсетті.

Барлық оқушылармен проблемалық жағдайлар туындаған кезде іс-қимыл алгоритмін түсіндірумен әңгімелер жүргізіледі, брошюралар таратылады.



Оқушылардың әл-ауқаты

Оқушылардың әл-ауқаты, олардың эмоционалдық жағдайы, тұрудың жайлылығы мәселелері жатақхананың барлық қызметкерлерінің негізгі міндеті болып табылады.

Өмір сүруге қолайлы жағдай жасау, ыңғайлы күн тәртібі, әр оқушымен жеке жұмыс, олардың айналасындағы барлық ересектердің қамқорлығы мен назары оларға жаңа білімді игеруге, емтихандарға толқусыз және уайымсыз дайындалуға көмектесті. Оқуға деген ынтасын арттыру, көңіл-күйді көтеру, өзіне деген сенімділік сезімін

қалыптастыру, коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін релаксациялық минуттар, әңгімелер мен тренингтер, ойын бағдарламалары өткізілді.



Демалыс және мереке күндері оқушылар үшін үйірмелер мен клубтар, қызығушылықтар бойынша сабақтар, тәрбиелік іс-шаралар өткізілді, бұл оларға шиеленіс пен шаршауды жеңілдетуге, әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектесті.



Оқушылардың денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шаралар

Орал қ. ФМБ НЗМ ДЖ сәйкес оқушылардың денсаулығын сақтау үшін қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасалып, қамтамасыз етілді.

Өңірдегі эпидемиологиялық жағдайдың жақсарғанына қарамастан, оқу жылының басынан бастап короновирустық инфекциямен аурудың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс жүргізілді. Оқушылар орналасқанға дейін алдын ала санитарлық қауіпсіздікті сақтау бойынша барлық шаралар жүргізілді: тұрғын бөлмелерді және жалпы пайдалану орындарын дезинфекциялау құралдарымен және «Б сыныбы» қоқыс жәшіктерімен жарақтандыру, әлеуметтік қашықтықты сақтау туралы белгілер; аумақ бойынша орын ауыстыру көрсеткіштері, короновирустық инфекцияның алдын алу туралы қабырғадағы плакаттар.

Медицина қызметкерлері мен тәрбиешілер күн сайын оқушыларды тексеруден өткізді: термометрия, қолды өңдеу. Үй-жайларды ылғалды жинау және кварцтау мектеп басшылығы бекіткен кестеге сәйкес жүзеге асырылды. Оқушылардың денсаулығын күнделікті бақылауды мектептің педиатры және жатақхананың медбикелері қамтамасыз етті. Уақытылы көрсетілген медициналық көмектің арқасында оқушылардың денсаулығы бойынша күрделі жағдайлар туындаған жоқ. Сонымен қатар, оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту күнделікті таңертеңгі жаттығулармен, фитнес залында спорттық жаттығулармен, командалық спорт түрлерімен: футбол, волейбол, баскетболмен қамтамасыз етілді.



Футзал бойынша мектеп спорт секцияларының қатысушылары Мұрадымқызы Гүлім, Қанат Ақерке, Мерғалиева Толқын Петропавл қаласында өткен желілік жарыстың жүлдегерлері атанды.

Ата-аналармен жұмыс

Оқушылардың ата-аналарымен телефон, ватсап арқылы тұрақты байланыс сақталады, жеке кездесулер, жалпы жиналыстар өткізіледі. Оқушылардың жетістіктері, академиялық үлгерімі, дене саулығы, психоэмоционалдық жай-күйі мәселелері талқыланып, ата-аналар мен жатақхана қызметкерлерінің бірлескен және үйлесімді іс-әрекеттерінде өз шешімін табады. Қажет болған жағдайда мектеп психологтары ата-аналарға кеңес береді.

Ағымдағы оқу жылында күрделі эпидемиологиялық жағдайға қарамастан, ата-аналар жатақхана іс-шараларына белсенді қатысты. Атап айтқанда, желтоқсан айында басталған «Ауылдан базарлық» жобасы оқушылардың атааналары мен туған-туыстары арасында оң пікір тапты.



Патриотизмді, кіші Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, өз өлкесі үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу, зерттеу дағдыларын дамыту жөніндегі жобаның мақсаттары мен міндеттеріне Бөрлі, Бәйтерек, Шынғырлау, Тасқала, Сырым, Қаратөбе аудандарының өкілдерімен өткізілген кездесулер нәтижесінде қол жеткізілді. Жобаға барлығы оқушылардың 50-ден астам ата-анасы мен жақындар оқушы қатысты. Басқа өңірлердің өкілдері келесі оқу жылында оқушылармен кездесулерін күтуде.



Атаулы және мерекелік күндерге арналған іс-шаралар өткізу: Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Қазақ даласының тұңғыш ұстазы» шығармашылық кеші, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Жаңа жыл, Наурыз, Алғыс айту күні сияқты шаралардың тәрбиелік мәні зор болды. Ата-аналардың 80% қатысқан Халықаралық Отбасы күніне арналған мерекелік іс-шара оқушылардың бойында ризашылық, ата-аналары үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеуге, отбасылық құндылықтарды, балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын нығайтуға, жатақхананың өміріне белсенді қатысатын оқушылар мен ата-аналарды көтермелеуге бағытталған. Алғыс білдірген ата-аналардың сөйлеген сөздері мен пікірлері барлық қатысушыларға ерекше әсер етті.



2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Педагог қызметкерлер мен жатақханада тұратын оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту;
2. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, жатақхана тәрбиеленушісінің отбасымен ынтымақтастықтың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу;
3. «Тьюторлық» жобасын іске асыру.

8. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ

8.1. Мектептің материалдық-техникалық базасының жағдайы

«Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының жобалық қуаты 722 оқушы орнын құрайды. Жатақхана бір мезгілде 133 тәрбиеленушіге арналған. Қалада тұратын оқушылар үшін 3 рет, жатақханада тұратын тәрбиеленушілер үшін 5 рет тамақтану ұйымдастырылған.

«Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының материалдық-техникалық базасы төмендегілерді ұсынады:

- Мектеп ғимараты-екі-үш қабатты;
- Салынған жылы-2012 ж.;
- Жалпы ауданы - 17541,4 м²;
- Жер учаскесінің жалпы ауданы - 6,1230 га құрайды.

Филиалдың іргелес тұрақ аумағында 2020 жылы қуаты 100 кВт фото-электр станциясы пайдалануға берілді, демеушілік қолдау және Shell Kazakhstan B.V. компаниясының құрылысы кезінде, бұл өз кезегінде тұтынылған электр энергиясының жалпы көлемінен жылына 15-20% диапазонында электр энергиясын тұтынуды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Территория участка школы огорожена забором по периметру всей территории, имеются зелёные насаждения, цветочные клумбы, деревья. На земельном участке школы выделена зона отдыха, физкультурно-спортивная зона, хозяйственный двор.

Мектеп учаскесінің аумағы барлық аумақтың периметрі бойынша қоршаумен қоршалған, жасыл желектер, гүлзарлар, ағаштар бар. Мектептің жер телімінде демалыс аймағы, дене шынықтыру-спорт аймағы, шаруашылық аула бөлінген.

Дене шынықтыру-спорт аймағы алаңды, спорт жабдықтарын, футбол алаңын, волейбол, баскетбол алаңын, теннис кортын, жүгіру жолын қамтиды. Шаруашылық аймағы мектеп ғимаратынан алыс орналасқан. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін жеті контейнері бар контейнерлік алаң жабдықталған.

Мектеп аумағында сыртқы жарықтандыру және бейнебақылау бар, "өлі аймақтар" жоқ. Бейнебақылау камераларының жалпы саны – 194 дана. мектеп ғимаратының периметрі бойынша, шаруашылық құрылыстары бойынша көше жағынан жарықдиодты шамдары бар жарық тіректері орнатылды.

Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін мектепте 58 оқу кабинеті, спорт залы, акт залы, тамақтану залы, кітапхана, психологиялық жеңілдету бөлмесі, компьютерлік сыныптар, ақпараттық-ресурстық орталық, дәрігер кабинеті, емшара кабинеті, күндізгі изолятор бар.

Мектеп оқу жиһаздарымен жеткілікті түрде жабдықталған. Филиал балансында 730 оқу партасы және 727 оқушыларға арналған орындық бар.

Жатақханада кір жуу тиімді жұмыс істеуі үшін жабдықты кезең-кезеңімен жаңарту шеңберінде алдағы жылдарға арналған бюджетте өнеркәсіптік үлгідегі 2 бірлік кір жуғыш машиналар көзделген.

Филиал асханасында 360 орындық (отыратын орын) және 68 үстел бар. Асхана үшін жабдықты кезең-кезеңімен жаңарту мақсатында электр плитасын, өнеркәсіптік үлгідегі тамақ пісіретін қазанды сатып алу рәсімдері қосымша жүзеге асырылады. Филиалды компьютерлермен және техникамен жабдықтау бойынша ноутбуктер мен

дербес компьютерлер жеткілікті. Кабинеттер интерактивті тақталармен жабдықталған.

Филиалды толықтай жарақтандыру бойынша бюджетте қосымша ноутбуктер мен IP-камераларды сатып алу көзделген. Оқу сабақтарын ұйымдастыру үшін оқу және зертханалық жабдықтарды жаңарту және қосымша жарақтандыру шеңберінде маркерлік тақталарды, зертханалық таразыларды, оқушы микроскоптарын және бейнеоқулары бар микроскоптарды сатып алу көзделген.

8.2. Аумақты абаттандыру, көгалдандыру және жинау жөніндегі жұмыс

Мектепке аумағы 6,1230 га болатын мерзімсіз пайдалануға жер учаскесі бекітілген, жер учаскесінің барлық аумағы қалыпты жағдайда, жер учаскесі мен оған іргелес аумақ үнемі тазаланып отырады.

Филиал аумағын абаттандыру және көгалдандыру шеңберінде тұрақты және үздіксіз негізде ағаштарды отырғызу және суару, көгал шөптерін шабу, арамшөптерден тазарту, филиал аумағын жинау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сондай-ақ, мектеп қоғамдастығының қатысуымен мектеп жылыжайының жұмысын ұйымдастыру және оған күтім жасау бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізіледі.



8.3. Жабдықтарды, техникалық құралдар мен жиһаздарды тиімді пайдалану

Жабдықтарды, техникалық құралдар мен жиһаздарды тиімді және ұтымды пайдалану мақсатында тиісті жабдықтардың тиісті жай-күйін және оларға уақтылы қызмет көрсетуді бақылау бойынша жұмыс жүргізіледі. Жыл сайын жарамсыз болған және пайдалануға жатпайтын негізгі құралдарды есептен шығару жүзеге асырылады. Мектепте ұйымдастыру техникасы мен техникалық Оқыту құралдары тиімді пайдаланылады. Жиһаз мақсатына сай қолданылады. Барлық оқу кабинеттерінде интерактивті тақталар, компьютерлер, ноутбуктер, мұғалімнің жұмыс орны, көрнекі құралдарға арналған шкафтар, оқушыларға арналған үстелдер мен орындықтар, маркерлік тақта бар. Мектептерді 2021-2022 жаңа оқу жылына дайындау және ағымдағы жөндеу жұмыстарының кестесі бойынша кабинеттер мен дәліздерді, баспалдақ алаңдарын Ақтау, филиал кітапханасының шатырын жөндеу түрінде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сатып алу процедураларын өткізу сатысында жұмсақ жиһазды жөндеу және қалпына келтіру қызметі. Білім беру процесін қауіпсіз және үздіксіз қамтамасыз ету үшін кеңсе, шаруашылық, жуу және басқа да тауар-материалдық қорларды жеткізу күтілуде.

8.4. Мектеп инвентаризациясы

Негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және тауарлық-материалдық құндылықтарды кезекті жоспарлы түгендеу нәтижелері бойынша анықталған жетіспеушіліктер мен артық заттар анықталған жоқ. ТМҚ және ОЖ нақты деректері бухгалтерлік есеп деректеріне сәйкес келеді. Бастапқы және соңғы қалдықтар сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Люминесцентті жарықтандыру шамдарын оқу сыныптары мен дәліздердегі жарықдиодты шамдарға (2022-2024) кезең-кезеңімен ауыстыру;
2. 2022-2023 оқу жылының жоспарларында көзделген қорлар мен негізгі құралдарды уақытылы сатып алу;
3. Филиал аумағын көгалдандыру жұмыстарын жақсарту: гүлзарлар отырғызу, пирамида теректерін отырғызу, мектеп жылыжайындағы жұмыстарды күшейту.

9. ОҚУ-КӨМЕКШІ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

9.1. Қауіпсіздікті сақтау және мектеп қызметі

2021-2022 оқу жылында қауіпсіз білім беру үдерісін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес төмендегілер жүзеге асырылды:

- еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес оқу кабинеттері мен үй-жайларды тексеру;

- спорттық жабдықтар мен снарядтарды сынау, сабақтар өткізуге үй-жайлар мен оқу кабинеттерінің дайындық актілерін жасау;

- өрт сөндіру жүйесін және электр қондырғыларын тексеру, өрт сөндіру крандарының жатақханаға жұмысқа қабілеттілігін сынау, ұнтақты өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау.

Полиция департаментінің қызметкерімен қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ұйымдастыру мәселелері бойынша мектепке тексеру жүргізілді (бейнебақылау камералары жедел басқару Орталығына қосылған).

Орал қ. ФМБ Назарбаев Зияткерлік мектебінің тәжірибесін тарату мақсатында БҚО жалпы білім беретін мектептерінің әкімшілігі мен қызметкерлері үшін (380 адам) «Мектепте қауіпсіз орта құру саясаты мен рәсімдері. Локдаун» тақырыбында вебинар өткізілді.

Спорттық жабдықтары толық түгенделіп, тексеріс жүргізілді (акт нәтижелері бойынша анықталған ақауларды жою бойынша нұсқаулар берілді).

Қолданыстағы қауіпсіздік жүйелері мен нормаларына «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма төрағасының Зияткерлік мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз ету және "күзет қызметтерін" қамтамасыз ету бойынша бұйрығына сәйкес тексерулер жүргізілді ("Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жадынама", "Күзет қызметтерін "Қамтамасыз ету бойынша жадынама" бекітілді).

Қауіпсіздік деңгейін жақсарту бойынша 4 турнир тұлғаны сәйкестендіру жүйесімен жабдықталған, бұл келушілердің немесе бөгде адамдардың кіруін/шығуын тіркеу жүйесін, олардың мектеп бойынша қозғалысын жеңілдетеді, өрт дабылы іске қосылған кезде турнир штангаларының құлпын ашу жүйесі қосылған, бұл өрт кезінде кедергісіз эвакуациялауды қамтамасыз етеді.

Қызметкерлер үшін өрт және техника қауіпсіздігі ережелері бойынша онлайн сабақ (140 адам), 7-8 сынып оқушылары үшін қауіпсіздік ережелері бойынша онлайн сабақ өткізілді.

29.09.2021ж. террористік акт туындаған жағдайда оқушылар мен қызметкерлердің оқу жаттығулары өткізілді (мектеп персоналы 890 адам).

28.10.2021ж. террористік акт туындаған жағдайда оқушылар мен қызметкерлердің оқу жаттығулары өткізілді (мектеп персоналы 902 адам).

4.11.2021ж. өрт туындаған кезде мектеп қызметкерлерінің іс-әрекеті бойынша сабақтар, Орал қаласы ТЖБ қызметкерлерінің өртке қарсы құрал-жабдықтарды пайдалануы бойынша практикалық сабақтар өткізілді (60 адам)

15.11.2021ж. жатақханаға өрт шыққан жағдайда жатақхана қызметкерлерінің әрекеті бойынша сабақ

18.11.2021ж. БҚО ҰҚҚД терроризмге қарсы іс-қимыл басқармасы және терроризмге қарсы орталық қызметкерлерінің терроризмге қарсы дайындық бойынша сабағы

23.12.2021ж. Орал қаласы ТЖБ қызметкерлерімен өрт және ТЖ туындаған кездегі іс-қимылдар бойынша сабақ (7-8-9 сынып оқушылары, кураторлар-370 адам)

18.02.2022ж. күндізгі уақытта жатақханадағы өрт кезінде эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу (оқушылар 98, персонал 7 адам)

23.02.2022ж. түнгі уақытта жатақханадағы өрт кезінде эвакуациялау бойынша оқу жаттығуы (оқушылар 109, персонал 7 адам)

02.03.2022ж. мектепте, қоғамдық орындарда, мереке және демалыс күндері қауіпсіздік ережелері бойынша сабақ. (кураторлар, оқушылар 220 адам).

9.2. Кітапхана қызметі

Оқу жылы ішінде кітапханада оқушыларға арналған іс-шаралар, ойындар, кітапхана сабақтары және кураторлық сағаттар өткізілді:

- 7-сыныптарға арналған «Кітапханамен танысу» кітапхана сабақтары;
- «100 кітап» жобасы бойынша «Bookbingo» ойыны;
- Үш баған әдісін қолдана отырып мақалаларды оқу және талдау;
- «Кейіпкерді тап» ойыны;
- «Кітапты тап» ойыны;
- «Dixit» ойыны;
- «Өзін-өзі дамыту бойынша әдебиеттерді оқу» кітапхана сабағы;
- Тұңғыш Президент күніне арналған кураторлық сағат (кітап көрмесі, интерактивті ойын-викторина);
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Не? Қайда? Қашан?» Орал және Ақтөбе қалаларының НЗМ оқушыларымен онлайн форматта;
- Төлеген Айбергеновтің 85 жылдығына арналған 7А сыныптағы кураторлық сағат (ВАКА әдісін қолдана отырып);
- 10-сынып оқушыларына арналған «Keyword Hexagon» шығармашылық әдеби ойыны;
- 8-сынып оқушыларымен «Көлеңкелі поэзия» кітапхана сабағы;
- Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафиннің 120 жылдық мерейтойын мерекелеуге арналған шағын зерттеу бойынша кітапхана сабағы;
- «Books&Fun» клубының қатысушыларының кездесулері (шығармашылық ойындар, оқылған кітаптарды талқылау, оқу пікірлері мен ұсыныстарымен алмасу).
- «100 кітап» жобасы аясында жазушылар шығармашылығы бойынша викториналар мен ойындар.



7-сынып оқушылары үшін Twig-bilim және Bilimland білім беру ресурстарын пайдалану бойынша вебинарлар өткізілді.

7-12 сынып оқушылары үшін Gale және ProQuest халықаралық дерекқорларын пайдалану бойынша онлайн-ақпараттық сабақтар, сондай-ақ LibGuides платформалары өткізілді, мұғалімдер үшін ProQuest, Gale халықаралық дерекқорларын, LibGuides ақпараттық ресурсын пайдалану бойынша тренингтер өтті.

Оқу жылы ішінде төрт **READx конференциясы** өтті. Екі кездесу Орал, Ақтау және Тараз қалаларының НЗМ қатысуымен онлайн форматта өтті. Биылғы оқу жылында оқушылар арасынан 18 спикер өздерінің сүйікті кітаптары туралы айтып берді. Спикерлер «Жизнь взаимно» (Эрих Мария Ремарк), «Волоколамское шоссе» (Александр Бек), «арри Поттер и проклятое дитя» (Джоан Роулинг), «Үміт үзгім келмейді» (Немат Келімбетов), «Униженные и оскорбленные» (Федор Достоевский), «Анна Каренина» (Лев Толстой), «Джейн Эйр» (Шарлотта Бронте) сияқты шғармаларды таныстырды.



Кезекті жыл сайынғы **Bookcrossing** акциясы аясында кітапханада 85 кітап жиналды, оның ішінде кітаптар мен журналдардың жартысы мектеп жатақханасына берілді.

«Кітап әлемді бағындыруда» акциясы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің барлық филиалдарында жыл сайын Дүниежүзілік кітаптар мен авторлық құқық күніне (23 сәуір) орайластырылған мерекелік іс-шара ретінде дәстүрге айналды. Биылғы жылы оқушылар, мұғалімдер, тәрбиешілер, кураторлар және мектеп қызметкерлері арасынан 150 адам қатысты.



Қала мен облыстың жалпы білім беретін мектептерінің кітапханашыларына арналған вебинар ұйымдастырылып, өткізілді. 50 кітапхана маманы қатысты. Вебинардың тақырыбы – «Мектеп кітапханасында онлайн қосымшаларды қолданудың тиімді әдістері». Вебинарға Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің спикерлері, педагог-кітапханашылары интернет құралдары мен сервистеріне шолу жасады, олардың көмегімен мектеп кітапханасының жұмысында пайдалану үшін түрлі интерактивті тапсырмалар мен ойындар жасауға болады. Вебинар барысында қатысушылар алған білімдерін тәжірибеде бекіте отырып, интерактивті ресурстар мен тапсырмаларды құру бойынша практикалық тапсырмаларды орындады.

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

- Оқушылар мен олардың ата-аналарының қатысуымен READx жобасының конференцияларын өткізу;
- Мектеп оқушыларына арналған оқу клубының жұмысын жалғастыру;
- Басқа қалалардың Назарбаев Зияткерлік мектептерімен өзара іс-қимыл: бірлескен онлайн-іс-шаралар, зияткерлік ойындар мен викториналар, мектеп оқушыларымен конкурстар;
- Оқушылар мен мұғалімдерге арналған LibGuides платформасында тақырыптық ақпараттық ресурстарды құру.

9.3. IT-бөлімінің қызметі

Барлық сервистердің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін «Орал қаласының физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалында 4 физикалық сервер, КББЖ қосымшаларға арналған 8 виртуалды сервер, касперский, домен контроллері, мектеп сайты, КББЖ дерекқоры, PRTG мониторинг сервері, резервтік сақтау, Zabbix, Play-nis мониторинг сервері қызмет көрсетеді.

Интернет желісі мен телефония пайдаланушыларының сандық көрсеткіштері

2021-2022 оқу жылында мектепте жергілікті желі мен интернет желісін пайдаланушылар ретінде 10566 адам тіркелген. Барлық оқушылар мен барлық оқу қызметкерлері филиал ішінде интернет желісіне қол жеткізе алады. Оқушылар сабақ барысында оқу сыныптарында немесе осы мақсатта жабдықталған арнайы кабинеттерде Интернетке қосыла алады: кітапханадағы мультимедиялық кабинет (8 ноутбук), жатақхана (2 стационарлық компьютер). Жобалау жұмыстарымен және олимпиадаларға дайындықпен айналысатын кейбір оқушылардың жұмыс ыңғайлылығы үшін интернетке мектеп желісінің оқшауланған арнасы арқылы қосылған жеке құрылғылары бар. Жеке қосылған ноутбуктері жоқ оқушылардың оқу сыныптарынан тегін ноутбуктерді журналға қол қою арқылы ала алады. Белгілі бір кабинетке бекітілген ноутбуктері бар әрбір арбаның өзінің тіркеу журналы болады. Сондай-ақ, жатақханада тұратын оқушылардың барлық жеке ноутбуктері мектеп желісінің оқшауланған арнасы арқылы интернетке шыға алады.

Оқытушылар, оқу-көмекші персонал, әкімшілік-басқару персоналы материалдық жауапкершілік актісі бойынша өздеріне бекітілген дербес компьютерлер мен ноутбуктер арқылы интернет желісіне қосыла алады.

Филиалда 5 Cisco 7911 IP телефоны орнатылып, пайдалануға берілді. Телефония пайдаланушылары бірлестік басшылары, оқу-көмекші персонал, әкімшілік-басқару персоналы, күзет персоналы, жатақхана персоналы және медперсонал болып табылады.

9.4. Медиа қызметі

2020-2021 оқу жылында республикалық, облыстық және қалалық БАҚ екі тілде мектептің қызметі, қазіргі білім берудегі мектептің рөлі және тәжірибені тарату туралы 100-ден астам материалдарды жариялады. Жыл бойы <http://ura.nis.edu.kz/> порталы уақытылы жаңартылды. Әлеуметтік желілердегі ресми парақшада жаңалықтар мен маңызды ақпарат жарияланды. Биылғы жылы Инстаграмдағы мектеп парағының мазмұны мен дизайнына ерекше мән берілді (@nisoralsk).

2021 жылдың желтоқсанында «Қазақстан» ұлттық телеарнасы РТРК-мен «Қазақстан білім қоғамы жолында» телекөпірі ұйымдастырылды.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерейтойлық марафон аясында мектептің бастамасымен аудандық және қалалық мектептердің оқушылары онлайн-режимде республикалық газеттердің журналистерімен, Оңтүстік Калифорния университетінің «Журналистика» факультетінің студенттерімен, «National Geographic» журналының тілшісімен кездесті.

Мектептің жағымды имиджін қалыптастыру мақсатында Орал қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің медиа-қызметі келесі оқу жылында белсенді жұмысын жалғастырады.

2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер:

1. Орал қ. ФМБ НЗМ қызметін жариялау бойынша БАҚ-пен өзара ынтымақтастық
2. Түрлі жобалар аясында имидждік бейнероликтер әзірлеу.
3. Мектеп сайтының мазмұнын жаңарту.